

## Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 ақпандағы № 129 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1561 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1561 қаулысымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі*  
*К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 11 ақпандағы  
№ 129 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

**Ескерту. Стратегиялық жоспар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.04.20 № 505 Қаулысымен.**

### **1-бөлім. Миссия және пайымдау**

Миссиясы – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) көлік-коммуникация кешенін және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) дамыту мақсатында көлік және коммуникация, байланыс және ақпараттандыру,

сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру саласында Қазақстан Республикасының тиімді мемлекеттік саясатын қалыптастырады және жүргізеді.

Пайымдауы – экономика мен халықтың көлік қызметіне қажеттілігін толық көлемде қанағаттандыра алатын жоғары технологиялық бәсекеге қабілетті көлік-коммуникация кешені, сондай-ақ ақпараттық қоғамға және инновациялық экономикаға көшуді қамтамасыз ететін дамыған және қолжетімді ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылым.

## **2-бөлім. Ағымдағы жағдайды және даму үрдісін талдау**

**Ескерту. 2-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 № 1752 Қаулысымен.**

1-стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасының көлік инфрақұрылымын дамыту

### **1. Дамудың негізгі параметрлері**

Теміржол, автомобиль, өзен, әуе көлік түрлерін, автомобиль және теміржолдарды, кеме жолдарын білдіретін республиканың көлік кешеніне шаруашылықаралық және мемлекетаралық байланыстарды жүзеге асыруда маңызды рөл беріледі. Республиканың жалпы ішкі өніміндегі көлік үлесі 2011 жылы 5,6% - ды құрады.


2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанның жалпы пайдаланымдағы көлік желісі 14,9 мың км теміржолдан; 97,2 мың км автомобиль жолынан; 4,1 мың км ішкі су кеме қатынасы жолынан құралды.

2011 жылы республика аумағындағы қатынас жолдарының тығыздығы 1000 ш.км аумаққа жалпы пайдаланымдағы темір жол жолдары бойынша 5,4 км-ні; жалпы пайдаланымдағы қатты жабындысы бар автомобиль жолдары бойынша 31,6 км - ді құрайды.

Коммерциялық тасымалдаумен айналысатын жеке кәсіпкерлердің тасымалдау көлемін бағалауды есепке алғанда, көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау көлемі 2011 жылы 2974,9 млн. тоннаны құрады, ол 2010 жылғы көлемнен 22%-ға артты.

Коммерциялық тасымалдаумен айналысатын жеке кәсіпкерлердің тасымалдау көлемін бағалауды есепке алғанда, жолаушыларды тасымалдау 2011 жылы 26,2%-ға артты және 16647,2 млн. адамды құрады.

Жүк және жолаушылар тасымалдау серпіні.



## Темір жол саласы

Қазақстанның көлік жүйесінде теміржол көлігі жетекші рөлге ие. Тасымалдаудың үлкен арақашықтығы жолаушылар мен жүктерді тасымалдаудың салыстырмалы түрдегі арзан тарифтері теміржол көлігін пайдаланушылар неғұрлым қажетті етуде.

Қазақстан темір жолының пайдалану ұзындығы 14,6 мың км құрайды (оның ішінде екі жолды желілер – 4,8 мың км (34%), электрлендірілген желілер – 4,1 мың км (29%), тығыздығы – 1000 шаршы км-ге 5,5 км, жүксыйымдылығы – км-ге 24,2 млн. тонна-км – ді құрайды.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ҚТЖ» ҰК) АҚ) негізгі өндірістік-экономикалық көрсеткіштері.

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Кезең			
		2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл
Жүктер тасымалданды	млн. тонна	268,9 (+3%)	247,7 (-7,9%)	267,7 (+8%)	279,6 (+4,4%)
Жолаушылар тасымалданды	млн. жолаушы	16,6 (-2%)	18,9 (+5,9%)	19,2 (+1,6%)	20,7 (+7,8%)
Кірістер	млрд. теңге	433,7	432,3 (-0,3%)	597,6 (+38,2%)	625,5 (+4,7%)
Шығыстар	млрд. теңге	392,0	416,0 (+6,1%)	532,6 (+28%)	531,3 (-0,2%)
Қаржылық нәтиже	млрд. теңге	41,8	16,3 (-61%)	65,2 (+400%)	94,2 (+44,5%)

Елдің жалпы жүк айналымы мен жолаушылар айналымындағы темір жол көлігінің үлесі шамамен 60 %-ды құрайды, бұл ретте барлық көлік түрлерімен тасымалдаудан түскен кірістердегі оның үлесі 20 % құрайды.

Темір жол көлігіндегі реформаларды іске асыру кезінде соңғы 10 жыл ішінде мынадай мақсаттар айқындалды:

- 1) магистральдық темір жол желісін (бұдан әрі – МТЖ) мемлекеттік бақылау сақталған жағдайда темір жол көлігін нарыққа бейімдеу;
- 2) тасымалдау және қамтамасыз ететін қызметте бәсекелестікті дамыту есебінен темір жол көлігі қызметтерінің қолжетімділігін, тиімділігін, қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету;
- 3) салаға жеке бастамалар мен инвестициялар тарту үшін институционалдық жағдай жасау;
- 4) темір жол көлігінің импорт алмастыратын өндірістік базасын дамыту.

Қазақстан Республикасының темір жол саласын реформалау барысында мынадай аралық нәтижелерге қол жеткізілді:

- 1) шаруашылық қызметтің бейінсіз түрлері және мектептер мен ауруханалар сияқты әлеуметтік-тұрмыстық активтер бөлінген және жергілікті билік органдарына берілді;
- 2) бәсекелі секторға жөндеу кәсіпорындары бөлінді;
- 3) жолаушылар мен жүк тасымалдауды ұйымдастыру және қаржылық бөлу жүзеге асырылды. Жолаушылар тасымалын ішінара мемлекеттік субсидиялау басталды.

2011 жылғы қорытындылар бойынша локомотивтер паркінде 1838,5 локомотив, соның ішінде 570,5 электровоз, 1246 тепловоз және 22 паровоз бар. Локомотив паркінің жай-күйі 72% жететін жоғары тозумен сипатталады. Локомотивтер паркінің 37% астамы нормативтік артық жүріспен пайдаланылады, ал парктің 50% қызмет ету мерзімі аяқталған.

2011 жылғы қорытынды бойынша Қазақстан Республикасы жүк вагондарының жалпы паркі 89 066 бірлікті құрайды, соның ішінде 54 801 бірлік немесе 62% мүкәммалдық, ал 34 265 бірлік немесе 38% жеке меншік болып табылады. Мүкәммалдық вагондардың жалпы санында пайдаланылатын парктің үлесі 93% (50 777 бірлік) құрайды. Тәуелсіз меншік иелерінің жүк вагондар паркі 3 есеге өсіп, 51 мыңнан астам вагонға ұлғайды.

Жүк вагондары мүкәммалдық паркінің негізгі проблемасы 67% («ҚТЖ» ҰК» АҚ алдын ала деректері бойынша) жететін оның жоғары тозуы болып табылады.

Жүк вагондары меншік иелерінің жүк вагондарын беру жөніндегі қызметтерге бағалық реттеудің болмауы жылжымалы құрамды жаңарту үшін қолайлы жағдай жасайды.

2012 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша жолаушыларды тасымалдауға арналған вагондар паркі 824 бірлікті құрады. Жолаушылар вагондарының 28 жыл нормативтік қызмет ету мерзімі кезінде бүгінгі күні қазақстандық вагондардың орташа жарамдық мерзімі 21 жылды құрайды. Электр поездардың мүкәммал паркінің 136 вагонынан – 123 вагон жұмыс паркінде тұр, келесі 5 жыл ішінде 82 электр поезы вагоны есептен шығаруы тиіс. Электр поездары паркінің тозу

деңгейі осы уақытта 90% асады.

Қазіргі уақытта республикада облысаралық қатынастардағы теміржол жолаушылар тасымалын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша конкурстық негізде субсидия бөлумен мемлекеттік және жеке меншік компаниялар жүзеге асырады.

Саланың бәсекелестік моделінде жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын компанияларға толық бақылау және тасымалдау процесіне тартылған активтерді, атап айтқанда вагондар мен локомотивтерді жаңартуға жауапкершілік қажет.

Реттеудің қолданыстағы практикасына сәйкес қатынас түрі мен жүк тегіне байланысты тарифтер сараланған. Нәтижесінде тасымалдардан түсетін кірістер қатынастар түрімен және жүк тегімен айқындалатын нарық сегментіне байланысты ерекшеленеді.

Көрсетілген тасымалдар сегменттерінен үш топты бөліп атауға болады.

1-топ – кірісі төмен тасымалдар: таскөмір (экспорт, облысаралық қатынас), кен (экспорт, облысаралық қатынас), құрылыс жүктері (импорт), нан (экспорт, облысаралық қатынас), қалған жүктер (облысаралық қатынас);

2-топ – кірісі жоғары тасымалдар: мұнай жүктері (экспорт), қара металл (экспорт, импорт, облысаралық қатынас), химиялық және минералдық тыңайтқыштар (экспорт, импорт, облысаралық қатынас), қалған жүктер (импорт);

3-топ – өз шығынын өтейтін тасымалдар: тас көмір (импорт), мұнай жүктері (импорт, облысаралық қатынас), кен (импорт), құрылыс жүктері (экспорт, облысаралық қатынас), нан (импорт), қалған жүктер (экспорт).

Қазіргі уақытта «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қазақстан Республикасының нарығындағы жалғыз жүк тасымалдаушы болып табылады. Бұл ретте тасымалдауды жүзеге асыру үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Локомотив» АҚ, «Қазтеміртранс» АҚ жылжымалы құрамын, басқа да темір жол әкімшіліктерінің мүкәммалдық вагондары мен операторлық компаниялар вагондарының жеке паркін пайдаланады.

Қатынастар бойынша мынадай жүктер тасымалданды:

Көрсеткіштер	Өлш. бірл.	Кезең			
		2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл
Республикаішілік		140,0 (-0,2)	131,5 (-6,1%)	140,9 (+7,1%)	148,7 (+5,5%)
экспорт	млн. тонна	93,4 (+10,1%)	85,6 (-8,3%)	96,0 (+12%)	97,9 (+2%)
импорт		20,0 (-10%)	15,8 (-21,3%)	16,9 (+6,9%)	17,9 (+5,9%)
транзит		15,5 (+17,4%)	14,8 (-4,5%)	14,0 (-5,4%)	15,1 (+7,9%)

Тарифтердің жыл сайынғы артуын ескере отырып, 2009 жылдан 2014 жылға дейінгі инвестициялар:

Атауы	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	Барлығы
	Құны, млрд. теңге					
Магистральдық желі	53,7*	69,3*	133,3*	78,4*	92,1*	426,8
Локомотив шаруашылығы	17**	29,1**	56,4**	55,7**	77,2**	395,4
Вагон шаруашылығы	12,9***	21,6***	133,7***	32,5***	73,3***	274
Барлығы	83,6	120	323,4	166,6	242,6	936,2

Е с к е р т п е :

\* «Қорғас-Жетіген» және «Өзен-Түрікменстанмен мемлекеттік шекара» жаңа темір жол желілерінің құрылысын есепке алмағанда,

\*\* «Локомотив» АҚ және «Локомотив сервистік орталығы» АҚ

\*\*\* «Қазтеміртранс» АҚ және «Қазтранссервис» АҚ

«2012-2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес темір жол инфрақұрылымының дамуына 201,2 млрд. теңге\*, соның ішінде:

- «Жетіген-Қорғас» темір жол желісін салуға 139,4 млрд. теңге\*;

- «Өзен – Түрікменстанмен мемлекеттік шекара» темір жол желісін салуға 61,8 млрд. теңге\* бөлінді.

- 2015 жылға дейін 4 191 км магистральдық желіні сауықтыру, 513 бірлік локомотив және 30 505 жүк вагонын сатып алу жоспарлануда.

Негізгі инфрақұрылымдық жобалар:

Р/с №	Жобалар	Ұзақтығы км	Құны млрд. тг.	Қаржыландыру көздері	Іске асыру мерзімдері
Темір жол желілерін салу					
1	Өзен – Түрікменстанмен мемлекеттік шекара	146	61,7	Республикалық бюджет және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан қарыз қаражаты	2009 – 2012
2	Қорғас – Жетіген	293	139,4	Республикалық бюджет, өзінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан қарыз қаражаты	2009 – 2013
3	Бейнеу – Жезқазған	988	561	Анықталмаған	2012 – 2016
4	Арқалық – Шұбаркөл	214	133	Анықталмаған	2012 – 2015

А в т о ж о л с а л а с ы

Қазақстан Республикасы автомобиль жолдарының ұзақтығы 128 мың км құрайды, олардың 97,1 мың км астамы жалпыға ортақ пайдаланылатын автожол. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автожолдың ұзақтығынан 23,5 мың км республикалық маңызы бар 73,6 мың км жергілікті желіге жатады.

Соңғы 11 жылда саланы дамытуға жергілікті желіні қоса алғанда, 1 263,1

млрд. теңге бөлінді, бұл ретте 2001 жылы қаржыландыру 7,7 млрд. теңге болса, 2011 жылы 189,5 млрд.теңге болды. Осы жылдары жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдың 97,1 мың км-ден 44 мың км жолдан астамын, соның ішінде 24,4 мың км республикалық желіде қайта жаңарту және әртүрлі жөнделер жүргізілді.

Автожол саласындағы ең ірі жоба - «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізін қайта жаңартуды іске асыру жалғастырылуда.

Осы жобаны 3 көзден қаржыландыру көзделген: қарыз қаражаты, республикалық бюджет және концессиялық негіздегі жеке инвестициялар.

Жобаны қаржыландырудың негізгі үлесін 9 Халықаралық қаржы институттарының сыртқы қарыздары құрайды және жалпы сомасы 3,2 млрд. АҚШ долларын құрайтын Қарыз туралы келісімге қол қойылды.

Жұмыс төрт облыс (Ақтөбе, Қызылорда, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан) аумағында жүргізілуде. 6 мың бірлік техника, 30 асфальт-бетон және 24 цемент-бетон зауыттар және 32 бөлшектеу құрылғылары жұмылдырылған.

35 мыңнан астам жол құрылысшылары (соның ішінде 34,4 мың адам қазақстандық персонал және 566 адам шетелдік персонал) тартылды. Жоба бойынша 1 220 км ұзақтығында жол жабынын төсеу орнатылды.

2012 жылғы 1 қаңтарға республикалық маңызы бар автожолдар желісінің мынадай жай-күйі күтілуде: жақсы – 37 %; қанағаттанарлық – 40,5 %; қанағаттанғысыз – 22,5 %.

Жергілікті маңызы бар автожолдардың жай-күйі: жақсы – 15 %; қанағаттанарлық – 43 %; қанағаттанғысыз – 42 %.

2010 – 2014 жылдар кезеңінде шамамен 21 мың км автожолды қайта жаңарту және жөндеу жоспарлануда, сонымен қатар 3,9 мың. км. қайта жаңарту, 5,6 мың.км. республикалық маңызы бар автожолдар және 11,5 мың км жергілікті маңызы бар жолдар.

Жаңалық нарықтық тәсілдерді енгізу болып табылады және осы мақсаттар үшін ақылы қызметті егізумен мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерін қолданудың маңызы аз емес. Осы бағыт бойынша «ҰАААЖ» жобасын іске асыру жоспарлануда.

Азаматтық авиация

Республикада 54 авиакомпания және әуе кемелерінің пайдаланушылары өз қызметін жүзеге асырады, оның ішінде 34 авиакомпания коммерциялық әуе тасымалдарын және 1 авиакомпания коммерциялық емес әуе тасымалдарын, әуе кемелерінің 19 пайдаланушысы авиациялық жұмыстарды (авиация-химиялық, орманды бақылау, мұнай-газ құбырларын айналып ұшып өту және басқа жұмыстар түрлері) орындайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік

тізілімінде 411 әуе кемесі есепте тұр.

Қазақстандық авиатасымалдаушылары («Эйр Астана» АҚ, «Скат» АҚ) 18 шет мемлекетінің аумағында ұшуды орындайды. Қазақстанға әлемнің 19 елінен тұрақты жолаушылар тасымалын 25 шетелдік авиакомпаниялары жүзеге асырады. Ішкі авиакатынастары саласында 40 бағыт бойынша тұрақты ұшу жүзеге асырылады.

Жер үсті инфрақұрылым объектілерін жаңғырту және дамыту бағдарламалары іске асырылуда. Бүгінгі күні Халықаралық рейстерге қызмет көрсетуге жіберілген 15 әуежайдың 10-ы Халықаралық азаматтық авиация ұйымының стандарттары (ИКАО) бойынша санатталған: ИКАО санаты бойынша Астана мен Алматы қалаларының әуежайлары III санат, Атырау II санат, Павлодар, Шымкент, Қарағанды, Жезқазған, Ақтөбе, Өскемен, Қызылорда әуежайлары I санат.

Республиканың транзиттік әлеуетін одан әрі дамыту бойынша үлкен жұмыстар жүргізілген болатын, оны тиімді пайдалану азаматтық авиация үшін қосымша табыс табуға бағытталған шара және оны дамытудың жоғарғы динамикасын сақтау болып табылады.

2005-2008 жылдар кезеңінде Қазақстанның әуе кеңістігі арқылы әуе кемелерінің транзиттік қозғалысының өсуі жылына 10% жоғары болды.

Егер 2005 жылы транзит 84,8 млн. ұшақ-километрді құраса, ал 2008 жылы – 121,1 млн. ұшақ-километр, 2009 жылы – 114,2 млн. ұшақ-километр, 2010 жылы – 128,4 млн. ұшақ-километр, 2011 жылы – 155,7 млн. ұшақ-километр.

С у к ө л і г і

Қазақстан Каспий бассейніндегі жүк ұйымдастыратын мемлекет болып табылады және экспортталатын жүктердің негізгі түрлері мұнай, металл, астық және басқалары болып табылады.

2011 жылғы Ақтау порты арқылы жүктерді ауыстырып тиеу көлемі өткен жылғы тиісті кезең көрсеткішінің 94,7 %-ын құрайтын 12,2 млн. тоннаны құрады.

Көлемдердің төмендеуіне Иранға астық кіргізуге жоғары экспорттық баж енгізу және мұнай жеткізуге экономикалық эмбарго енгізу, сондай-ақ мұнай бөлігінің экспорт бағыттарының өзгеруі (құбыржолды пайдалану) экспорттық баж салығын енгізуге ықпалын тигізді.

2011 жылы «Қазтеңізкөлікфлоты» ұлттық кеме компаниясы 9,7 млн. тонна немесе өткен жылдың ұқсас кезең көрсеткішінің 111,3 %-ын тасымалдады.

Бүгінгі күні компания флоты 19 кемеден тұрады, оның ішінде: жүккөтергіштігі 12-13 мың тонна 6 мұнай құюшы танкер, жүккөтергіштігі 3 600 тонна болатын 8 барж-алаңдар, 5 буксир бар.

2014 жылы теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кеме қозғалысын басқару жүйесін құру жоспарлануда.



Ішкі кеме қатынасы үш су бассейнінде жүзеге асырылады: ұзақтығы 4040,5 км су жолдары учаскелеріндегі Ертіс, Орал-Каспий және Іле-Балқаш.

Өзен көлігінің республикадағы көлік жұмысының жалпы көлеміндегі үлес салмағы аз. 2011 жылы кеме қатынасы көлігімен 1082 мың тонна жүк тасымалданған, 2010 жылмен салыстырғанда 3,4%-ға кему байқалады. 112,9 мың жолаушы тасымалданған, бұл 2010 жылғы көлемнен 4,3%-ға артық. Кеме қатынасы көлігімен республика ішіндегі жүк тасымалдары 987 мың тоннаны (91,2%) құрады. Тасымалданған жүктердің елеулі үлесін – 878,7 мың тонна (81,2%) – құрылыс материалдары құрайды.

**Ескерту. Кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 22.05.2013 № 510 қаулысымен .**

#### А в т о м о б и л ь к ө л і г і

Нарықтық инфрақұрылымды дамытуда, ішкі және сыртқы сауданы кеңейтуде автомобиль көлігі маңызды рөл атқарады.

Республиканың автомобиль паркінде 414 мың жүк автомобилі, 98,4 мың автобус, 3553,8 мың жеңіл автомобиль бар. Бұдан басқа, республикада 50 мың мотокөлік, сондай-ақ 149,3 мың автомобиль тіркемелері тіркелген.

Коммерциялық тасымалдаумен айналысатын жеке кәсіпкерлердің тасымалдау көлемін бағалауды есепке алғанда, республика автокөлігімен 2011 жылы 2475,5 млн. тонна жүк тасымалданды, жүк айналымы 121,1 млрд. ткм құрады. 2010 жылмен салыстырғанда жүк тасымалдау көлемі 25,6%-ға артты, жүк айналымы 50,9%-ға артты. 16622,4 млн. жолаушы тасымалданды, жолаушылар айналымы 164,5 млрд. жкм құрады. 2010 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіштер тиісінше 26,3%-ға және 30%-ға артты.

Халықаралық жол тасымалдары (бұдан әрі – ХЖТ) жүйесі бойынша тасымалдарға қазіргі уақытта шамамен 4650 автомобиль көлігі тартылған. Жүктерді тасымалдау үшін жыл сайын Еуропа мен Азияның 39 елімен шамамен 109 мың дана рұқсат бланкілерімен алмасу жүргізілуде.

Тұрақты қатынас бойынша 135-нан артық халықаралық және 250 облысаралық тұрақты жолаушылар маршруттары бар.

Автомобильдер паркі жоғары тозумен сипатталады – 12 жылдан жоғары пайдалануда болған автокөлік құралдарының үлес салмағы 63% құрайды, соның ішінде 57% - автобустар, 59% - жеңіл және 84% - жүк автокөліктері.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы стационарлық көздерден атмосфераға зиянды заттар шамамен жылына 2,5 млн. тоннаны құрайды, ал көлік шығарындылары жылына 1 млн. тоннадан асады.

Еуро стандарттарды кезең-кезеңмен енгізу ескірген автомашиналарды әкелуді шектеуге, қазақстандық автожинау кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сондай-ақ өндірілетін және импортталатын отынның сапасын

арттыруға

мүмкіндік

береді.

Сонымен қатар, 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап көлік құралдарының техникалық байқауда өткізу функциялары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінен бәсекелі ортаға берілген, ал техникалық байқауды ұйымдастыру мен жүргізуге бақылау құзыреті Министрлікке берілген.

Жаңа тәртіпке сәйкес көлік құралдарының техникалық байқауын техникалық бақылаудың стационарлық және ұтқыр желілері бар жекеменшік орталықтар жүргізеді, олар тежеуіш жүйесінің, рульдік басқарудың, аспалық бөлшектердің, атмосфераға шығарындылардың тиімділігін автоматты түрде анықтайды.

## 2. Негізгі проблемаларды талдау

**Ескерту. 2-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.08.2013 № 840 Қаулысымен.**

Теміржол саласы

Теміржол саласында темір жолдар желісі жеткілікті дамымаған, негізгі құралдардың тозуы, жолаушы жылжымалы құрамының тапшылығы өсуде. Сервистің төмен деңгейі мен бәсекелестіктің болмауы орын алады, сондай-ақ темір жол көлігін жаңарту мен дамытуды жеткіліксіз қаржыландыру білінеді. Тариф белгілеудің қолданыстағы қағидаттары мен реттеу тетігі тасымалдаушының клиентке бағдарлануын болдырмайды. Елдің транзиттік әлеуетін барынша тиімді іске асыру қажет және темір жол желілерін дамытуға жаңа (жеке) субъектілерді тарту қажет, олар өз кезегінде көлік-коммуникация кешенінде бәсекелес ортаны құруға және көлік құралдары паркін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Ұзақ жылдар бойы жолаушылар тасымалдарын жүк тасымалдары есебінен, сондай-ақ экономиканың басқа салаларын (тау-кен өндірісі, құрылыс және агроөнеркәсіп кешені) баға өсуіне қарай темір жол тарифтерінің түсуі есебінен тоғыспалы субсидиялауға жол беретін экономикалық саясат активтерінің «шығарылуына» және мемлекеттің көлік инфрақұрылымының сапасын нашарлатуға әкеп соқтырады.

Саланың негізгі қорларының жиналған тозуы теміржол көлігінің технологиялық тұрақтылығын жоғалту қаупін тудырады және өз ресурстары таусылып бара жатқан жылжымалы құрамды және инфрақұрылым объектілерін жаңартуға инвестицияның едәуір қажеттілігін анықтайды.

Теміржол көлігінің тиімділігі, қолда бар ассортимент, пайдаланушыларға ұсынылатын қызметтің қол жетімдігі мен сапасы, қызметке инновацияларды енгізу деңгейі нарықтың қазіргі заманғы талаптарына толық жауап бере алмайды.

Теміржол көлігі жұмысының мемлекет экономикасының барлық салалары үшін маңыздылығын ескере отырып, Министрлік «ҚТЖ» ҰК» АҚ бірлесіп, Қазақстан Республикасы темір жол көлігін одан әрі дамыту бойынша Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 1006 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының көлік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламаның темір жол көлігі бөлімінің негізін құраған кешенді тәсілдерді әзірлеу бойынша ауқымды, жүйелі жұмыстарды жүргізді.

Бұл ретте осы бағдарламаның негізгі міндеті саланың қолданыстағы институционалды құрылымын және саланың экономикалық моделі реформасын түзету негізінде реформалау үдерісін аяқтау болып табылады.

Табиғи-монополиялық қызмет (МТЖ қызметтері) және тасымалдау қызметін толығымен бөлу, тасымалдау қызметі тарифін қайта реттеу, тасымалдаушының әлеуметтік маңызы бар маршруттары бойынша жолаушылар тасымалдаумен байланысты шығындарын 100%-дық субсидиялау және т.б. көзделіп отыр.

Сондай-ақ бағдарламада жеке бастамаларды тартуға, магистральдық темір жол желісіне қол жеткізуге тең құқық бере отырып, бәсекелес нарықты құруға және жолаушылар тасымалдауды мемлекеттік субсидиялаудың тиімді тетігін енгізуге жағдай жасау көзделуде.

2011 жылдың соңындағы жағдай бойынша вагондар:

Атауы	мүкәммал паркі	жұмыс паркі	жұмыс істемейтін паркі
жолаушы вагондары, бірлік	1 824	1 778	46
жүк вагондары, бірлік	54 801	50 777	4 024

Осу нәтижесіндегі жолаушылар вагондарының тапшылығы

Жылдар	2009	2010	2011	2012	2013
жолаушы вагондарының тапшылығы, бірлік	411	448	310	183	106

2011 жылдың қорытындысы жай-күйі бойынша локомотивтер

Атауы	Мүкәммал паркі	Пайдаланылатын парк	Пайдаланылмайтын парк
магистральдық тепловоздар, бірлік	648,5	503,5	145
электровоздар, бірлік	522,5	420	87,5
маневрлік тепловоздар, бірлік	485	399	82

А в т о ж о л с а л а с ы

Автокөлік инфрақұрылымының едәуір бөлігі нормативтік мерзім шегінен тыс пайдаланылады, басқасы осы мерзімге жақындайды, осыған байланысты көлік жұмысының қауіпсіздігі бойынша жағдай едәуір нашарлауда.

Қолда бар жол пайдалану техникасының жоғары тозушылығы; қалпына келтіру жұмыстарының жоғары капиталды қажет етуі; жол қызметінің жөндеуаралық мерзімін сақтау және республикалық маңызы бар автожолдарды дамытуды жеткіліксіз қаржыландыру; қолданыстағы автожолдар желісін техникалық параметрлерінің төмендігі (бірлікке түсетін жүктеме есебі, санаттары

бойынша т.б.); екі жолақты қозғалысы бар жолдарда авариялық және қаза табу тәуекелінің жоғарлығы; жергілікті бюджеттен жеткіліксіз қаржыландыру салдарынан облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдары деңгейінің төмендігі; 890 ауылдық елді мекенге қатты жамылғылы кіреберіс автожолдарының болмауы ескеріледі.

## А з а м а т т ы қ а в и а ц и я

Азаматтық авиация саласындағы негізгі проблемалар мыналар болып табылады:

- 1) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттарына сәйкес келмейтін өңірлік әуе кемелерінің ескірген паркі;
- 2) әуе кемелерін қабылдау-ұшыру үшін бірқатар өңірлік әуежайлардың ИКАО халықаралық стандарттарына сәйкес келмеуі;
- 3) авиация персоналының, атап айтқанда ИКАО талаптарына сәйкес ағылшын тілінің 4-деңгейін меңгерген ұшу құрамының жетіспеушілігі болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген проблемалар экономикалық жазықтық пен әуежайлар инфрақұрылымын дамытуды қаржыландыру мүмкіндіктеріне байланысты.

Осылайша әуе кемелерін жаңарту авиатасымалдардың кірістілігіне және бәсекелестікті дамыту деңгейіне байланысты, ол авиатасымалдаушылардың өз кеме паркін жаңартуға ынталандырады.

Азаматтық авиация саласы қалыптасуының бастапқы кезеңінде әуежайлар инфрақұрылымын дамыту мемлекеттік бюджеттен қаржылық қолдауды талап етеді.

Ескіріп қалған өңірлік авиапаркті (АН-24, ЯК-40) шетелде шығарылған қазіргі заманғы әуе кемелеріне (Эмбраер, Бомбардье) ауыстыру қажет.

Жердегі инфрақұрылымның дамуы, оның ішінде әуежайларды қайта жаңарту, жердегі инфрақұрылымның материалдық-техникалық жарақталуы (ҰҚЖ, аэровокзал, арнайы техника және басқалар). Кейбір әуежайлардың ұшу-қону жолақтарының жай-күйі қауіпсіздік талаптарына толық мөлшерде жауап бермейді.

## Кадр әлеуетін қалыптастыру. Су көлігі

Су көлігі саласында порттық және қызмет көрсету инфрақұрылымының жеткіліксіз қуаты, білікті отандық мамандар тапшылығы, кеме қатынасы шлюздерінің төмен техникалық жай-күйі, сауда флотының жеткіліксіз саны, мемлекеттік техникалық флоттың тозғандығы байқалады.

Осыған байланысты теңіз сауда флотын және теңіз операцияларын қолдау флотын сатып алу, мемлекеттік техникалық өзен флотын ауыстыру, Өскемен және Бұқтырма шлюздерін қайта жаңарту, Шүлбі шлюзінің қорғаныш гидротехникалық құрылысы, кеме қозғалысы мен теңізде құтқару

операцияларын басқарудың мамандандырылған жүйесін құру бойынша  
жұмыстарды жалғастыру қажет.  
А в т о м о б и л ь к ө л і г і

Экологиялық жағдай мемлекеттің экономикалық жақсы әл-ауқатының деңгейіне әсер ететін маңызды даму факторы болып табылады.

Елдегі экологиялық жағдайды одан әрі жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1372 қаулысымен «Қазақстан Республикасының аумағында айналымға шығарылатын автокөлік құралдарының зиянды (ластаушы) заттар шығарындыларына қойылатын талаптар туралы» техникалық регламент бекітілді. Осы техникалық регламентте зиянды заттар шығарындылары бойынша Еуро экологиялық стандарты талаптарына сәйкес келмейтін автокөлік құралдарын ел аумағына әкелуге және өндіруге тыйым салу белгіленген. Республика аумағында Еуро-2 экологиялық стандарттары 2009 жылғы 15 шілдеден бастап автокөлік құралдары бойынша және 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап отын бойынша енгізілді.

Бұдан басқа осы шара қазіргі қолда бар автомашиналар паркін жаңарту үшін жағдай жасайды.

Саланың нормативтік-техникалық базасын үйлесімдеу шеңберінде экологиялық қауіпсіздік саласында 2008 – 2009 жылдары Қазақстан Республикасының 15 мемлекеттік стандарты әзірленген.

Көліктегі қауіпсіздік шаралардың сақталуына тиімді бақылаудың жеткіліксіздігі, көліктің және объектілер инфрақұрылымының қанағаттанарлық емес жай-күйі көліктегі қазіргі заманғы жағдайдың едәуір қиын екенін айқындайды.

Тұтастай алғанда қазіргі заманғы телекоммуникациялық және спутниктік жүйелердің көмегімен жолаушы тасымалдарына толыққанды мониторингті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің дамымағандығы байқалады.

Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тиімді бақылауды ұйымдастыру бірінші кезектегі міндеттердің бірі және саланы дамытудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі құрауыштардың бірі болып табылады.

Көліктегі авариялылық деңгейін белгілейтін негізгі факторлар:

- 1) көлік процесіне қатысушылар біліктілігінің жеткіліксіздігі мен тәртібінің төмендігі;
- 2) тасымалдауды ұйымдастырудың технологиялық процестерін сақтамау;
- 3) көліктік бақылау органдарының материалдық-техникалық жағынан жеткіліксіз жаратандырылуы;
- 4) көлік құралдарының физикалық тозуы және қанағаттанарлық емес техникалық жай-күйі;

5) қазіргі заманғы телекоммуникациялық және спутниктік жүйелер арқылы тұрақты қалааралық және халықаралық автобус тасымалдауларының мониторингі жүйесінің жер-жерде қызмет істемеуі болып табылады.

Авариялылық деңгейінің жыл сайынғы төмендеу қарқынына қарамастан 2009 – 2011 жылдары көлік оқиғаларының саны мен ауырлығы бұрынғыдай жоғары деңгейде қалып отыр.

2011 жылы республика автожолдарында 12 062 жол-көлік оқиғалары (бұдан әрі – ЖКО) орын алды. 2010 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда автомобиль көлігіндегі ЖКО саны 3,8%-ға төмендеді. Статистика деректері бойынша 2011 жылы ЖКО-ның 82%-дан астамы жүргізушілер кінәсінен орын алған.

Автомобильдердің 80%-дан астамы (3,1 млн.) 7 жылдан артық пайдалануда және батыс стандарттары бойынша ескірген болып саналады.

Осылайша, техникалық байқау орталықтарының нәтижелері бойынша 2012 жылғы қаңтар-ақпан кезеңінде техникалық байқауға 80 мыңға жуық автокөлік құралы ұсынылды, соның ішінде автомобильдердің 30%-ы техникалық байқаудан бір реттен өте алмады. Негізгі себептері тежеуіш жүйелерінің, жарық аспаптарының және автомобильдер пайдаланған газдардың шығуы ақаулықтары болып табылады.

Бұл ретте 2011 жылдың көрсетілген мерзімінде жол полициясы органдарында 130 мыңнан астам автомобильдер тексеріліп, соның ішінде тек 7 % ғана ақаулы болып танылған.

Осылайша, техникалық байқаудың жаңа жүйесінің нәтижелері техникалық байқау сапасының және объективтілігінің арттырылуын көрсетеді.

2012 жылғы 15 қазандағы жағдай бойынша республика бойынша 569 техникалық байқау желісі бар 270 техникалық байқау орталықтарының жұмысы ұйымдастырылды.

Техникалық байқау орталықтарының аталған санымен 34 қала мен 60 әкімшілік аудан (барлығы 160 әкімшілік аудан) қамтылды.

Техникалық байқау орталықтары жоқ елді мекендерде 247 мобильдік желілері қызмет көрсетеді.

Автокөлік саласының негізгі нысаналы мәселелері халықтың автобуспен жолаушылар тасымалдарына қанағаттану деңгейі және инфрақұрылым сапасын арттыру болып табылады.

Аталған мәселені қызметтер көрсету сапасының тиісті стандарттарын әзірлеу шеңберінде олардың сақталуын кейінгі бақылаумен шешу қажет.

3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау  
Сыртқы факторлар.

1) темір жол саласы:

жүк тасымалы көлемінің шикізаттың дүниежүзілік бағасының ауытқуына

т ә у е л д і л і г і ;

саланың активтерін қысқартуға алып келетін тарифтерді ұстап тұру саясаты;  
өнеркәсіп объектілерінің құрылысын шикізат көздеріне жақын жерде салу  
арқылы жүк тасымалына сұраныстың төмендеуі;  
машина жасаудың әлсіз отандық базасы, тиісінше импортқа тәуелділіктің  
ж о ғ а р ы б о л у ы ;

2 ) а в т о ж о л с а л а с ы :

Қазақстанның Еуразия құрлығының ортасында геосаяси орналасуы;  
Еуропа мен Азия арасындағы негізгі транзиттік дәліздердің Қазақстан аумағы  
а р қ ы л ы ө т у і ;  
жергілікті ресурстарды пайдаланудағы үлкен әлеует;  
Ресей және Қытай көрші елдерінен Қазақстан транзитіне ықтималды қауіп (   
транзиттің Қазақстан аумағын айналып өтуі);  
алдыңғы қатарлы техникалық және экологиялық регламенттерді,  
с т а н д а р т т а р д ы е н г і з у ;

3 ) а з а м а т т ы қ а в и а ц и я :

Қазақстанның әуежайлары негізінен Еуропаны Азиямен, Оңтүстік Шығыс  
Азиямен байланыстыратын әуе трассаларының жолында орналасқан, соның  
негізінде халықаралық әуе қатынастарын кеңейтуде және қазақстандық  
авиакомпаниялардың таяу және алыс шетелдерге ұшуларын ұлғайтуда елеулі  
ә л е у е т т і ң б о л у ы ;

Еуропаны Азиямен, Оңтүстік-Шығыс Азиямен байланыстыратын бірнеше  
баламалы халықаралық әуе дәліздерінің болуы;  
инфляциямен салыстырғанда энергия тасымалдағыштардың ішкі  
бағаларының алға қарай өсуі мемлекеттік және жеке меншік көлік  
кәсіпорындары шығындарының және отын сатып алу шығыстарының өсуіне  
а л ы п к е л е д і ;

Қазақстанға іргелес елдермен өз аумақтары арқылы транзиттік әуе қозғалысы  
ағындарын қайта бағыттау бойынша жұмыс белсенді жүргізілуде, ол  
Қазақстанның транзиттік авиакөлік әлеуетіне қауіп төндіруі мүмкін;

4 ) с у к ө л і г і :

Қазақстан Республикасының Еуразия құрлығының ортасында геосаяси  
о р н а л а с у ы ;

Қазақстан аумағы арқылы Еуропа мен Азия арасындағы негізгі транзиттік  
д ә л і з д е р д і ң ө т у і ;

Каспий маңы мемлекеттерімен халықаралық-шарттық базасын кеңейту;

Каспий маңы елдері тарапынан жоғары бәсекелестігі;  
контрагент-мемлекеттердің порт инфрақұрылымына тәуелділігі;  
дүниежүзілік мұхитқа еркін шыға алмауы;

## 5) автомобиль көлігі:

басқа мемлекеттерде жасанды кедергілерді жасау арқылы көлік қызметтерін көрсетудің халықаралық нарығында қазақстандық тасымалдаушылардың санын азайту;

халықаралық қатынастағы жүк және жолаушылар тасымалдары қажеттілігінің болуы;

шетелдік тасымалдаушылар тарапынан халықаралық автокөлік қызметтердің нарығындағы бәсекелестіктің болуы.

### Ішкі факторлар:

#### 1) темір жол саласы:

негізгі құралдардың физикалық және моральдық жағынан айтарлықтай тозуы (инфрақұрылымдар мен жылжымалы құрам);

жылжымалы құрам паркінің тапшылығы;

элеуметтік маңызы бар бағыттар бойынша жолаушылар тасымалының шығындарын мемлекеттік бюджеттен субсидиялаудың толық емес көлемі;

негізгі жүк тасымалдаушылар өндірісі көлемінің төмендеуі, тиісінше жүк тасымалы көлемінің төмендеуі;

#### 2) автожол саласы:

жеке өңірлерге автожолдар жалғыз көлік қатынасы болып табылады;

теміржол және су жолдарының төмен тығыздығы;

жол-көлік оқиғаларының жоғары деңгейі;

тауарлардың құнында биік көлік құрауышы;

#### 3) азаматтық авиация:

авиаотын қымбат бағалы және отандық мұнай өңдеу зауыттарында оны жеткіліксіз өндіру авиациялық қызметтер құнының көтерілуіне алып келеді;

икемді тарифтік жүйесінің болмауы, мемлекеттік органдардың қызметтер құнын қатаң реттеуі әуежайларға толық көлемде әуежайларда техникалық, транзиттік қону үшін шетелдік ӘК тарту бойынша іс-шараларды іске асыруға мүмкіндік бермейді;

өңірлік әуежайларда негізгі өндірістік қорлардың (ұшу-қону жолақтары мен терминалдар) тозуы және батыс өндірісінің әуе кемелеріне қызмет көрсетуге арналған қазіргі заманғы арнайы техникалардың болмауы;

бюджеттік қаржыландыруды қысқарту;

#### 4) су көлігі:

негізгі құралдардың моральдық және физикалық жағынан айтарлықтай тозуы;

су жолдары тығыздығының төмендігі;

жүктердің дәстүрлі түрлері (металл, дән) өндіруден тәуелділігі, олар экспорттық қатынастарда Ақтау теңіз порты арқылы тасымалданады;

көліктің аралас түрлері инфрақұрылымының дамуы;



ішкі су жолдарының навигациялық кезеңге тәуелділігі;  
5) автомобиль көлігі;  
автокөлік құралдарының қатты тозуы және әлсіз техникалық жағдайы;  
тұрғындар және елдің экономикасының кәсіпорындарында  
тасымалдаулардағы биік қажеттілік;  
басқарудың институционалдық құрылымдарының болуы және автокөліктің  
жұмыс жасауының нормативтік - құқықтық базасының деңгейі;  
автокөліктің жұмысы жасауының нарықтық тетіктері: тасымалдауларды  
жүзеге асыруға заңды және жеке тұлғалардың қолжетімділігі, еркін бағалары,  
тасымалдаушы арасындағы жолаушылар көлігі маршруттарының конкурстық  
бөлу жүйесі.

2 Стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін  
дамыту

### **1. Дамудың негізгі параметрлері**

**Ескерту. 1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 22.05.2013 № 510  
қаулысымен.**

Қазақстан Еуропа мен Азияның арасындағы коммуникациялық ағыны  
орталығында орналасқан және ұлттық транзиттік ресурстарды іске асыруға  
қабілетті орасан зор көлік әлеуетіне ие. Осы бірегей геосаяси жағдайды  
пайдалану қажет. Нақты айтқанда, құрлықшілік тасымалдарды жүзеге асыру  
кезінде Солтүстік-Оңтүстік және Батыс-Шығыс бағытындағы бағыттардың  
көпшілігі өңірді айналып өту мүмкін емес, соның өзі ортаазиялық көлік  
дәліздерінің басымдылық жағын көрсетеді.

Соңғы жылдары Еуразия құрлығында халықаралық экономикалық  
байланыстардың жаһандану процесінің тереңдеуіне және Шығыс Азия мен  
Еуропа арасында жүк ағынының өсуіне байланысты «Ұлы Жібек жолын»  
жаңғырту – кешенді еуразиялық трансқұрылықтық көпірді құру өзекті мәселе  
б о л ы п о т ы р .

Оңтүстік Батыс, Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің ТМД және  
Еуропа елдерімен сауда-экономикалық қарым-қатынастарын өзекті ету  
Қазақстанның экспорт-импорттық және транзиттік мүмкіндіктерін дамытудың  
маңызды факторы болып табылады. Сонымен бірге Орталық Азиядағы өңірді  
Қытаймен байланыстыратын жаңа көлік бағыттарын құру және экспортталатын  
қытайлық жүктердің бөлігін Таяу Шығыс және Еуропа бағытында Орталық-Азия  
магистральдарына қайта бағдарлауға мүмкіндік беретіндігіне үлкен үміт  
а р т ы л ы п о т ы р .

Маңызды факторлардың бірі басты серіктесі Еуропалық Одақ болып  
табылатын, сыртқы сауда айналымының ерекше жоғары қарқынын көрсетіп  
отырған Қытайдың қарқынды дамыған экономикасы (2006 жылдың

қортындылары бойынша шамамен 1,7 трлн. АҚШ доллары көлемінде) болып табылады. Одан басқа Қытай Жапониядан, Кореядан және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен Еуропаға тауар тасымалдауға мүдделі, бұл жерде бағыттардың үштен бір бөлігі біздің аумағымыздан өтеді, ол өз кезегінде транзиттен мол табыс алуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Еуропа мен Азия арасындағы тауар айналымының көлемі шамамен 700 млрд. АҚШ долларын құрайды, кейбір болжамдар бойынша 2015 жылға қарай аталған көрсеткіш 1 трлн. АҚШ долларына, ал Қазақстан бойынша транзитінен түсетін табыс 2015 жылға қарай шамамен 1,5 млрд. АҚШ долларына жетеді деп болжануда (2007 жылы – 500 млн. АҚШ доллары). Жалпы алғанда Оңтүстік-Шығыс және Шығыс Азия – Еуропа бағыттарындағы транзиттік ағымдар шамамен 330 – 400 млрд. АҚШ долларына бағалануда, бұл ретте осы ағымдардың 20 %-ы Қазақстан аумағы арқылы өтуі мүмкін.

Иран Парсы шығанағы мен Үнді мұхиты порттарына, сонымен бірге Түркия мен ЕО нарығына шығатын жолдағы маңызды дәліз болып табылады және шетелдік жүк жөнелтушілерге транзиттік операцияларда Иран аумағын барынша кеңінен пайдалануға мүмкіндік беретін жаңа көлік дәліздері мен инфрақұрылымдық объектілерді дамытуға барынша күш жұмсайтын болады.

Оңтүстік Азиядағы ең тұрақты нарық және басты жүк қабылдаушы мен жүк жөнелтуші Үндістан болып табылады, ол өнеркәсіп өндірісінің жедел қарқыны мен өндіріс саласындағы шетелдік инвестициялардың өсуіне байланысты болып отыр. Үндістан экономикасының жыл сайынғы өсімі шамамен 9-10 %-ды құрайды, үнді тауарларын АҚШ-қа экспорттау қазіргі кезде пайыздық арақатынасы Қытайға қарағанда барынша жылдам өсуде, бірақ көлемі жағынан біршама төмен, ал үнді экономикасындағы шетелдік инвестициялардың 2/3 бөлігі өндірістік салаға бағытталған.

Темір жол саласындағы құрылыс пен электрлендірудің барлық жобалары бірінші кезекте жаңа көлік дәліздерін құру, келешегі бар желілерді дамыту, жеткізу қашықтығы мен уақытын қысқартуға бағытталған.

Қазақстан Республикасының трансқұрылықтық тасымалдарды жүзеге асыру саласындағы транзиттік әлеуетін дамыту көбінесе республика аумағындағы көлік дәліздері мен олардың тармақтарын дамытуға байланысты:

1) Еуропа – Кавказ – Азия халықаралық көлік дәлізі (бұдан әрі – ТРАСЕКА): негізгі бағыт Түрікменбашы порты – Сарыағаш – Достық арқылы, Ақтау – Достық тармағы (ұзақтығы 3 836 км; Қазақстан Республикасы бойынша жеткізу мерзімі – 19 тәулік; 2007 жылы транзитпен 30 мың тонна, 2008 жылы – 37 мың тонна, 2009 жылы – 29 мың тонна, 2010 жылы – 24 мың тонна, 2011 жылы – 51,4 мың тонна тасымалданды).

2) Солтүстік – Оңтүстік дәлізі: Қазақстанның Ақтау теңіз порты

учаскелерінде қатысуы арқылы - Ресейдің Орал өңірлері – Никельтау – Ақтау және кері қарай Солтүстік Еуропа – Парсы шығанағының елдері Ресей мен Иран арқылы (ұзақтығы 1 235 км, Қазақстан Республикасы бойынша жеткізу мерзімі – 7 тәулік; 2008 жылы транзитпен 11 мың тонна, 2009 жылы – 232 мың тонна, 2010 жылы - 17,6 мың тонна, 2011 жылы – 19,4 мың тонна тасымалданды).

3) Ортаазиялық дәліз: Сарыағаш – Өзіңкі, Өзіңкі – Сарыағаш (ұзақтығы – 2 147 км; Қазақстан Республикасы бойынша жеткізу мерзімі – 11 тәулік; 2007 жылы транзитпен 1 137 мың тонна, 2008 жылы – 1 453 мың тонна, 2009 жылғы – 766 мың тонна, 2010 жылы - 987 мың тонна, 2011 жылы – 756 мың тонна т а с ы м а л д а н д ы ) .

4) Трансазиялық дәліз (солтүстік бағыт): Достық – Петропавл, Петропавл – Достық (ұзақтығы – 1 910 км; Қазақстан Республикасы бойынша жеткізу мерзімі –10 тәулік; 2007 жылы транзитпен 111 мың тонна, 2008 жылы – 177 мың тонна, 2009 жылы – 72 мың тонна, 2010 жылы – 121 мың тонна, 2011 жылы –103,6 мың т о н н а т а с ы м а л д а н д ы ) .

5) Трансазиялық дәліз (орталық бағыт): Достық – Сарыағаш, Сарыағаш – Достық (ұзақтығы – 1 831 км; Қазақстан Республикасы бойынша жеткізу мерзімі – 9 тәулік; 2007 жылы транзитпен 1 300 мың тонна, 2008 жылы – 1 834 мың тонна, 2009 жылы – 2 034 мың тонна, 2010 жылы – 1 828 мың тонна, 2011 жылы – 1 935 мың тонна т а с ы м а л д а н д ы ) .

2011 жылғы Қазақстан Республикасы аумағы арқылы өткізілген контейнерлік поездар туралы ақпарат

тағайындалуы	саны	қатынас
жеке қалыптастырылған	358	Алматы – Алашанькоу
жеке қалыптастырылған	1	Алматы – Хайратон
жеке қалыптастырылған	96	Ақсу – Достық - Чиндао
жеке қалыптастырылған	5	Жетісу – Алашанькоу
Қазақстанға тағайындаумен	533	Ляньюньган – Алматы
Қазақстанға тағайындаумен	1	Ляньюньган – Астана
Қазақстанға тағайындаумен	21	Тяньцзинь – Алматы
Қазақстанға тағайындаумен	12	Находка – Локоть – Защита
Қазақстанға тағайындаумен	3	Чиндао - Достық - Алматы
транзиттік қатынаста	102	Находка – Локоть – Аблык
транзиттік қатынаста	5	Находка – Локоть – Галаба
транзиттік қатынаста	2	Находка – Локоть – Алматы 1
транзиттік қатынаста	41	Ляньюньган – Аблык
транзиттік қатынаста	1	Ляньюньган – Сіргелі
транзиттік қатынаста	4	Ляньюньган – Аламедин
транзиттік қатынаста	1	Ляньюньган – Сарыағаш - Чукурсай
транзиттік қатынаста	1	Чуньцинь – Черкесск

транзиттік қатынаста	14	Чуньцинь – Дуйсбург
транзиттік қатынаста	1	Чуньцинь – Антверпен
транзиттік қатынаста	48	Гамбург – Рига – Озинки – Галаба
транзиттік қатынаста	53	Гамбург – Ақтау – Галаба
Барлығы:	1303	

2016 жылға қарай Достық станциясынан Ақтау теңіз портына дейін 1 200 км қашықтықты қысқартатын «Бейнеу-Жезқазған» темір жолын салу жобасын іске асыру жоспарланады. Жоба Қазақстандағы көлік дәліздерінің тиімділігін арттыруға себеп болады және бүгінгі күні Орталық Қазақстан өңірлері үшін осы жобаны іске асыру ең маңызды оқиға болып табылады.

Қазақстан аумағы арқылы 70 халықаралық әуе дәлізі өтеді. Халықаралық транзиттік әуе қатынастар желісі 1995 жылдан 2011 жылға дейін 5 мың км-ден 77 мың км-ге дейін ұлғайды. Алматы, Астана, Қарағанды және Атырау әуежайларында «EL AL» (Израиль) «KLM» (Нидерланды), «FedEx» (АҚШ) және т.б. авиакомпанияларының Боинг-747 жүк тасымалдайтын тағы басқа әуе кемелері тұрақты түрде жанармай құюды жүзеге асырады.

Қазақстандағы ең ірі жоба Батыс Еуропа елдеріне шығу арқылы Қазақстан мен Ресей аумақтарымен өтетін Батыс Еуропа – Батыс Қытай трансқұрылықтық автокөлік дәлізін ұйымдастыру жобасын іске асыру басталды. Жоба құрамында Орталық Азия елдерінен, соның ішінде Өзбекстан мен Қырғызстаннан шығатын барлық дәліздерді қайта жаңарту көзделген. Бағыттың жалпы ұзақтығы 8 445 км, оның ішінде: Ресей бойынша – 2 233 км, Қазақстан бойынша – 2 787 км (2 552 км -қайта жаңғыртуға жатады), Қытай бойынша – 3 425 км құрайды.

Достық станциядан Ақтау теңіз портына дейін 1 200 км қашықтықты қысқартатын «Бейнеу-Жезқазған» темір жолын салу жобасын іске асыру жоспарлануда. Жоба Қазақстандағы көлік дәліздерінің тиімділігін арттыруға себеп болады және бүгінгі күні Орталық Қазақстан өңірлері үшін осы жобаны іске асыру ең маңызды оқиға болып табылады.

Ақтау порты ТРАСЕКА, Солтүстік – Оңтүстік, Иногейт үш халықаралық көлік дәлізінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Каспий бассейнінің су қатынасында тасымалданатын жүктердің жалпы көлемі шамамен 30 млн. тоннаны құрайды. Бұл ретте Ақтау портының үлесі жиынтық соманың 38 % құрайды.

Қазақстанның Еуразия континентінің орталығындағы ең ірі сауда әріптестері Қытай мен Еуропа арасындағы орны Қазақстан Республикасының көлік-логистика жүйесін дамыту үшін басты түрткіні қалыптастырады. Қазір осы сауда әріптестері арасындағы жалпы тауар айналымының 0,5 %-дан төмені Қазақстан үлесіне тиеді. Қазақстанның міндеті – республиканың аумағы арқылы жер үсті маршрутымен өтетін Қытай Халық Республикасы және Еуропалық Одақ

арасындағы транзиттік жүк ағынның ұлғаюын қамтамасыз ету. Қытайдан Еуропаға Қазақстан Республикасы арқылы транзиттік маршрутының бірқатар артықшылықтары бар: ол Суэц арнасы арқылы өтеті теңіз маршрутымен салыстырғанда анағұрлым жылдам және Қытай Халық Республикасынан Еуропаға әуе тасымалына қарағанда анағұрлым арзан. Осылайша, ол болашақта Қытайдан Еуропаға теңіздегі, сол сияқты әуе жолындағы жүк ағынының бір б ө л і г і н т а р т у ы м ү м к і н .

Транзиттік әлеуетті іске асырумен қатар Қазақстан Республикасының көлік-логистика жүйесі қазақстандық өнеркәсіптің көлік-логистикалық қызметтердегі қажеттілігін қанағаттандыруы тиіс.

Көлік-логистикалық жүйесі Қазақстан өңірлерінің арасындағы экономикалық байланыстарды іске асырудың негізгі аспабы, сондай-ақ қазақстандық тауарлардың әлемдік нарықтарға экспортының басты өткізгіші болып табылады.

2020 жылға қарай Қазақстанның экспорттық операцияларының көлемі 96 млн . тоннадан 147 млн. тоннаға дейін 1,5 есеге өсуі мүмкін, ол өз алдына көлік-логистика жүйесінен Ресейге, Қытайға және Оңтүстік Кореяға, Еуропаға, Орта Азияға қосымша жүк ағынына қызмет көрсетуді талап етеді. Сонымен бірге , Қазақстанмен шекаралас елдер арасындағы сауда операцияларының көлемі 1,5 есеге артып, 2020 жылы 1 трлн. долларға жетеді деп күтілуде, бұл Қазақстан Республикасы арқылы транзиттік әлеуетті құрайды. Қытай Халық Республикасы мен Ресей және Еуропа елдері арасында тауар айналымының көп артуы болжануда. Мұны ескере отырып, даму үшін аса перспективалы транзиттік дәліз «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» және «Батыс Қытай – Ресей Федерациясы» б о л ы п т а б ы л а д ы .

Әлемдік үрдістер, экспорт пен ішкі тасымалдардың артуы келісімшарт логистикасы нарығының дамуына итермелейді. 2015 жылға қарай Қазақстанның келісімшарт логистика нарығының әлеуеті 320-дан 810 миллионға дейін АҚШ долларын құрауы мүмкін.

## **2. Негізгі проблемаларды талдау**

Халықаралық тасымалдардың әлемдік тәжірибесі көлік маршруттарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету тек қана техникалық проблемаларды шешумен ғана шектелмейтіндігін куәландырады. Маңызды мәні барлық мүдделі тараптармен халықаралық көлік дәліздерін дамыту бойынша саясаттың болмауы, шекаралық өтпелдер арқылы жүктерді өткізу технологиясының жетілдірілмеуі, құқық саласындағы және т.б. ақпараттық қамтамасыз етудің жетіспеушілігі транзиттік жүк ағындарының жүру жолында физикалық емес кедергілерді жою б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазақстанның қазіргі сауда серіктестерінің халықаралық стандарттары мен жүйелерінің көліктік инфрақұрылымның кейбір техникалық параметрлерімен

сәйкес сауда-көліктік байланыстың дамуы мен өңірлік ықпалдастық жолындағы ерекше кедергі болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының барлық аумағында көліктік-коммуникациялық желіні теңгерімсіз орналасуы бірыңғай экономикалық кеңістіктің дамуымен халық ұтқырлығының өсімін кедергі келтіреді.

Жүк тасымалының өзекті мәселелерін мынадай топтарға бөлуге болады:

- инфрақұрылым шектеулері және жылжымалы құрамның тапшылығы;
- дәліздерді жүйелік басқарудың болмауын;
- логистикалық сервис деңгейінің төмендігі;
- басқару жүйесіндегі институционалдық шектеулер;
- құзырет пен қазіргі заманғы технологиялардың жетіспеушілігі.

Жеткіліксіз жүк тасымалдары секторында кешенді логистикалық сервис деңгейін және жүк жөнелтушілер үшін тартымдылықты төмендететін маршруттар мен дәліздерді жүйелі басқарудың болмауын атап өткен жөн. Жолаушылар тасымалдарында мұндай «бейінді» проблемаларға бірінші кезекте жеткіліксіз жайлылық пен тасымалдау қауіпсіздігінің жеткіліксіз жоғары деңгейі жатады.

Халықтың жылжымалылығының артуы және Қазақстан Республикасының туристік әлеуетін іске асыру көлік жүйесінен сапалы қызметтерді; жайлылық пен қауіпсіздіктің жоғары деңгейін; негізгі экономикалық және туристік орталықтардың жақсы көлік орамдылығын; агломерациялардың ішкі орамдылығын; тасымалдардың баға жағынан қолжетімділігін талап етеді. Алайда жолаушылар тасымалдары секторының ағымдағы жай-күйі ұсынылатын талаптардың ешқайсысына сәйкес келуге мүмкіндік бермей отыр.

Жолаушылар тасымалдарының өзекті мәселелерін мынадай топтарға бөлуге болады:

- инфрақұрылым шектеулері және жылжымалы құрамның тапшылығы;
- тасымалдар қолжетімділігінің, сапасының және қауіпсіздігінің төмен деңгейі;
- құзырет пен қазіргі заманғы технологиялардың жетіспеушілігі.

### **3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау**

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р :

1) Ұлы «Жібек жолын» жаңғырту – кешенді еуразиялық трансқұрлықтық көпірді құру;

2) Оңтүстік Батыс, Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің ТМД және Еуропа елдерімен сауда-экономикалық қарым-қатынастарын өзекті ету;

І ш к і ф а к т о р л а р :

1) Қазақстанның экспорт-импорттық мүмкіндіктерін және ұлттық транзиттік

ресурстарын іске асыру;

2) Қазақстанның бірегей геосаяси орналасуы;

3) қосымша халықаралық әуе дәліздерінің бар болуы;

4) Қазақстандағы ең ірі жоба Батыс Еуропа елдеріне шығу арқылы Қазақстан мен Ресей аумақтарымен өтетін Батыс Еуропа – Батыс Қытай трансқұрлықтық автокөлік дәлізін ұйымдастыру жобасын іске асыру;

5) Достық станциядан Ақтау теңіз портына қашықтықты қысқартатын «Бейнеу-Жезқазған» темір жолын салу жобасын іске асыру.

3-стратегиялық бағыт. Мультимедиялық қызметтерді ұсынуға бағытталған, қазіргі заманғы технологияларға негізделген қызметтерді, өндірістерді және АКТ инфрақұрылымын дамыту.

### **1. Дамудың негізгі параметрлері**

АКТ саласын дамыту «болашақ экономика салаларының» аясындағы мемлекеттік үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып табылады, бұл оның қазіргі заманғы Қазақстан экономикасы үшін маңызды екенін көрсетеді.

АКТ ақпараттық технологиялар, телекоммуникациялар және телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметтер және өндіріс салаларын қамтиды. Осы саланы дамыту байланыс технологиясының, ақпараттық технологиялардың туындауымен өзара байланысты, олар соңғы онжылдықта бүкіл әлемге байқалуда.

Осы саланы дамыту мақсатында Министрліктің алдында елдің ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында АКТ-ны тұтынуды және қолдануды айтарлықтай ұлғайту, АКТ-дағы қазақстандық қамтуды ұлғайту

Телекоммуникация саласының үрдісі жоғары жылдамдықты оптикалы және сымсыз технологияларға негізделген инфрақұрылымды дамыту, халыққа және ұйымдарға мультимедиялық қызмет ұсыну, телерадио хабар таратудың сандық технологияларын енгізу және дамыту, сондай-ақ жергілікті телефон байланыстарын цифрландыру деңгейін көтеру болып табылады.

Байланыс операторлары жұмыс істеп тұрған қалалық талшықты-оптикалық инфрақұрылымның негізінде қалалық мультисервистік қолжетімділікті және Metro Ethernet көлік желісін құруды жүзеге асырады, ол ADSL негізіндегі Интернетке кең жолақты бұқаралық қолжетімділік (бұдан әрі - КЖК), қалалық жоғары жылдамдықтағы арналар сияқты жаңа қызмет түрлерін енгізуді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. CDMA 450 технологиясын пайдаланып, ауылдық елді мекендерді телефонизациялау және интернеттендіру үшін байланыс желісін салу жалғасуда.

Қазіргі уақытта ұялы байланыс операторлары 3G үшінші буынның желілері

Астана, Алматы қалаларында және барлық облыс орталықтарында пайдалануға е н г і з і л д і .

Интернет желісіне қол жеткізу қызметін дамыту шеңберінде 2011 жылдың ақпан айында Қазақстан Республикасының Радиожиіліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы Қазақстан Республикасының аумағында 4G төртінші буын байланыс желілерінің енгізу құқығын «Қазақтелеком» АҚ беру туралы ш е ш і м қ а б ы л д а д ы .

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Радиожиіліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 2011 жылғы 27 тамыздағы хаттамасына сәйкес «Қазақтелеком» АҚ 1730-1785/1825,2-1880 МГц диапазонындағы 20 МГц беру ш е ш і л д і .

Қазақстан Республикасының Радиожиілік жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 2011 жылғы 29 желтоқсандағы хаттамасына сәйкес Министрлік мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасының аумағында 4G стандартын енгізу үшін радиожиілік спектрін бөлу үшін біржолғы т ө л е м д і а й қ ы н д а д ы .

«Қазтелерадио» АҚ телерадиохабарларын таратудың ұлттық операторы 2011 жылғы 18 қаңтарда MPEG-4 компрессия форматында DVB-S2 стандарты негізіндегі Ұлттық спутникті телерадио хабарларын тарату желісін, 2012 жылғы 3 шілдеде DVB-T2 стандарты негізіндегі эфирлік цифрлық хабарларын таратуды пайдалануға берді: Астана, Алматы, Қарағанды, Жезқазған және Жаңаөзен қалаларында эфирлік цифрлық хабарларды тарату ұйымдастырылды.

Министрлік байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты тиімді іске асыру мақсатында радиожиілік спектрінің және радиоэлектрондық құралдардың мониторингі жүйесін радиоэлектрондық құралдардың және радиожиілік тағайындаулардың тізілімін тиімді сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

Телекоммуникациялық салаларды дамыту жөніндегі өткізіліп жатқан іс-шаралар елдің әр 100 тұрғынына есептегенде 2010 жылы мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

- 1) тіркелген телефон желісінің тығыздығы – 24,9;
- 2) ұялы байланыс абоненттерінің тығыздығы – 124;
- 3) Интернет пайдаланушыларының тығыздығы – 31,6;
- 4) жергілікті телекоммуникация желісін цифрлау деңгейі – 92 %.

Пошта байланысы саласында қызмет көрсету нарығының негізгі жеткізушісі ұлттық оператор болып табылатын «Қазпошта» акционерлік қоғамы болып қалады. Еліміздің барлық аумағын қамтитын 2800 пошта байланыс бөлімшелері қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

Жазбаша-хабарларды жіберу секторында, ірі қалаларда баламалы жеткізгіш қызметтердің пайда болуы (жергілікті пошта байланысы) байқалады. Осы



нарықта бәсекенің пайда болуы, дәстүрлі желілермен салыстырғанда неғұрлым қолжетімді хабарламалар, жарнама материалдарын жеткізу бойынша қызметтердің пайда болуына ықпал етеді.

Ақпараттандыру және әлемдік қоғамдастықтың тұтастыққа қозғалысы жағдайында еңбек мамандары нарығына сай жоғары білікті, кәсіби мамандарды даярлау қажеттілігі бар. Қазіргі заманғы қоғам мамандардың кәсіби дайындық деңгейіне қоятын талабы жоғары және шет елдермен ынтымақтастық аясының кеңеюі, сондай-ақ коммуникацияның жаңа құрал-жабдықтарының пайда болуы жағдайында басқа елдердегі әріптестермен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігі т у ы н д а й д ы .

Ақпараттық коммуникация саласында білім беруді дамыту мақсатында «Ақпараттық технологиялар халықаралық университеті» акционерлік қоғамы (бұдан әрі АТХУ) АҚШ-тың Carnegie Mellon университетімен тығыз қызмет е т у д е .

Бұдан басқа «Ақпараттық жүйелер» және «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандықтары бойынша бакалавриат және магистратура бойынша 4 жаңа мамандық ашылды, сонымен қоса Малайзия, Сингапур, Корея және Ресейдің жоғары оқу орындарының арасынан АТХУ үшін қосымша шетелдік әріптестерге іріктеу жүргізілуде.

Қазақстан Республикасында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде трансұлттық АКТ компанияларымен бірігіп АКТ саласында бірнеше ғылыми-зерттеу зертханаларын ашу бойынша ж ұ м ы с т а р жү р г і з і л у д е .

ІТ құрылымында үш ірі секторды бөліп көрсетуге болады: ІТ-жабдықтың өндірісі секторы, қораптық (лицензиялық) бағдарламалық қамтамасыз ету секторы және ІТ-қызметтер секторы.

Қазақстанның ІТ-нарығы құрылымында өндіріс және ІТ-жабдығын іске асыру секторы және жалпы көлемінде басыңқы болып табылады (79 %-дан артық), ол қазақстандық қоғамды ақпараттандыру процесін сүйемелдейтін компьютерлерге, желілік және перифериялық компьютерлік жабдыққа сұраныстың жоғары е к е н д і г і н кө р с е т е д і .

2011 жылы екі R&D зертханасы ашылды. Біреуі АТХУ базасында (open source) және екіншісі ҚарМТУ базасында (ақпараттық технологиялар).

2012 жылы ғылыми-зерттеу институты және/немесе Қазақстанның ЖОО базасында басқа да зертханалар ашу жоспарланып отыр.

Осы зертханалардың қызметін үйлестіру және АКТ саласында зерттеу қызметін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасында салалық ғылыми-зерттеу институты құрылды, ол мынадай функцияларды іске асыру

арқылы АКТ дамытудың өзекті бағыттарын анықтайтын және үйлестіретін болады: R&D қызметі, АКТ әзірлемелерін коммерциялау, АКТ мамандарын даярлау және қайта даярлау мәселелері, нормативтік құқықтық актілер бастамалары, салалық стандарттарды әзірлеу және жүйелеу, жабдықтарды, өнімдер мен қызметтерді сертификаттау, лицензияланатын қызметті және қызметтер сапасын бақылау, сала қызметін және жеке қызмет түрлерін, сараптамалық қызметті талдау, консалтинг және жобалар аудиті.

Ғылыми-зерттеу институты «Алатау» ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының қатысушы ретінде тіркелді.

Бұдан басқа «Ақпараттық технологиялар паркі» аумағында АКТ-кластерін құру жөніндегі жобаға бастамашылық жасалған. АКТ-кластері ғылыми-зерттеу кешенінің, бизнес орталығының, дата-орталығының, бизнес инкубациялау және дамыту институттарының АКТ-кластерінің жұмыс істеуі үшін басқа да қажетті функцияларымен себу қорының құрылысы көзделген 30 га ауданы бар аумақты

а л ы п

ж а т ы р .

Қазақстан Республикасында АКТ қарқынды дамытудың маңызды аспектісі мемлекеттің жоғарыда аталған саланың даму институттарын құру болып табылатынын атап өткен жөн.

## **2. Негізгі проблемаларды талдау**

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласындағы негізгі п р о б л е м а л а р :

- 1) Интернет желісіне кеңжолақты КЖҚ төмен қарқынмен дамуы;
- 2) үй шаруашылығындағы телефон байланысы және Интернет желісіне КЖҚ қызметтерімен елдің толық қамтылмауы;
- 3) ауылды елді мекендердің пошта байланысы бөлімшелерімен жеткілікті қ а м т а м а с ы з е т і л м е у і ;
- 4) халықты компьютерлік техникамен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі;
- 5) АКТ құралдарының отандық өндірісі деңгейінің төмендігі және оның и м п о р т қ а т ә у е л д і л і г і ;
- 6) ақпараттық коммуникациялар саласындағы басым мамандықтар бойынша талаптардың біліктілік анықтамалығының жоқтығы;
- 7) IT-білім беру халықаралық стандарттар және жаңа білім беру технологияларды трансферлеу мақсатында отандық жоғарғы оқу орындарының шетел университеттерімен ынтымақтастықты дамыту деңгейінің төмендігі;
- 8) елдегі ақпараттық инфрақұрылымды құру үшін білікті мамандардың жетіспеушілігі болып табылады.

## **3. Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау**

І ш к і ф а к т о р л а р :

- 1) телекоммуникация саласын дамыту, радиожилілік спектрінің шектеулі

ресурстарын, нөмірлеу ресурсын пайдаланумен тікелей байланысты;

2) ұтқыр байланыс желісінің конвергенциясының дамуымен телекоммуникация қызметтері тіркелген желілермен жаңа қызметтер пайда болады ;

3) тіркелген және ұтқыр байланыс нарығының дамуымен бірге олардың ақпаратты технологиялармен конвергенциясы негізінде қызметтердің жаңа түрлері пайда болуда ;

4) қазіргі заманғы ақпараттық коммуникация құралдарының дамуы дәстүрлі пошта қызметтері түрлеріне тұтынушылар сұранысының төмендеуіне әкеп соқтырады ;

5) IT-қызметтері нарығының және теле-, радиоарналардың тарату нарықтарының негізгі кірісі мемлекеттік тапсырыс есебінен құралады;

6) Қазақстанда бағдарламамен қамтамасыз ету нарығында шетелдік өндірушілердің өнімі үстемдік ету жағдайына ие;

7) Қазақстандық кәсіпорындар негізінен белгілі халықаралық өндірушілердің қондырғыларын өткізумен және компьютерлік техниканы жинаумен айналысады .

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р :

1) байланыс кәсіпорындарының кірісіне халықтың саны, орналасу тығыздығы және қозғалысы әсер етеді ;

2) телекоммуникациялық нарықтың жағдайы еліміздегі экономикалық белсенділікке тікелей байланысты ;

3) АКТ секторының импортқа тәуелділігінің жоғарылығы.

4-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік қызметтерді ұсыну, техникалық сүйемелдеу үдерістерін жетілдіру, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін ықпалдастыру, оның ішінде Кеден одағының ақпараттық инфрақұрылымын дамыту үшін жағдайлар және тетіктер жасау.

### **1. Дамудың негізгі параметрлері**

**Ескерту. 1-кіші бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 22.05.2013 № 510 қаулысымен.**

Бүгінгі күні ақпараттық технологиялар ақпараттық қоғамды қалыптастыруға арналған маңызды құрал болып табылады, ал мемлекет пен халық қатынастарындағы «жолсерік» «электрондық үкімет» болып отыр.

Осыған байланысты мемлекеттік органдарда АТ-ны қолдану бірінші кезекте халыққа және бизнеске электрондық нысанда мемлекеттік қызмет көрсетуге, мемлекеттік органдардың ашықтығын және есептілігін арттыруға бағытталуы т и і с .

Қазіргі уақытта халыққа және ұйымдарға мемлекеттік электрондық қызметтер ұсынудың жай-күйі мынадай деректермен сипатталады:

1) орталық және жергілікті атқарушы органдар интернет-ресурстар арқылы халыққа және бизнеске интерактивті қызметтер көрсетеді (басшылар блогы, электрондық мемлекеттік сатып алу, интерактивтік сауал және т.б.) және транзакциялық қызметтер көрсетуге ауысуды жүзеге асырады;

2) «электрондық үкімет» инфрақұрылымы құрылды, оның шеңберінде өнеркәсіптік пайдалануға 20 АТ-ден астам жоба енгізілген;

3) әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік қызметтерді, 92 лицензияны және 80 рұқсат беру құжатын оңтайландыру және автоматтандыру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары әзірленіп бекітілген;

4) «электрондық үкімет» сәулетін құру және эталондық үлгілерді әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі уақытта қызметтің 15 бағыты бойынша эталондық үлгілерді толтыру жүргізілді (білім беру, денсаулық сақтау, көлік және коммуникация, байланыс және пошта қызметтері, халықаралық қатынастар, мәдениет, қоршаған ортаны қорғау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, табиғи ресурстар, азаматтық, көші-қон және көшіп келу, әділет, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, халықты әлеуметтік қамсыздандыру, жұмысқа орналастыру және халықтың жұмыспен қамтылуы);

5) «Е-лицензиялау» (бұдан әрі – «Е-лицензиялау» МДҚ) ақпараттық жүйесін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілді. 2012 жылы аталған жүйе барлық мемлекеттік органдарда – лицензиарларда енгізілді. 2012 жылдың қорытындысы бойынша «Е-лицензиялау» МДҚ арқылы қалыптастырылған лицензиялар саны 19 740 электрондық лицензияны құрады.

Қазіргі күннің өзінде мүдделі мемлекеттік органдардың толығымен «ақпараттық қоғам» үшін «электрондық үкіметті» қалыптастыруға бағытталған бірлескен жұмысы нәтижесі бойынша («Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру құжаттарын қысқарту және мемлекеттік органдардың бақылау мен қадағалау функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес) «электрондық үкімет» инфрақұрылымымен электрондық түрде 317 астам интерактивті және транзакциялық қызметтер, оның ішінде 156 астам электрондық қызмет, 81 электрондық лицензия және 80 рұқсат беру құжаттары ұсынылады. «Электрондық үкімет» порталының қызметтер санына 90 астам электрондық қызметтер, 21 қосымша сервистер, мемлекеттік 20 алым түрлері, мемлекеттік баждың 17 түрлері, салық төлемдерінің 4 түрі, сондай-ақ Жол жүру ережесін бұзғаны үшін айыппұлдар және коммуналдық қызметтің 3 түрін төлеу кіреді. Бұдан басқа, ақпараттық сипаттағы қызметтер де қолжетімді.

2012 жылы Қазақстанның қалалары мен аудандарында «электрондық үкімет» және «электрондық қызметтер» тақырыбы бойынша оқыту семинарлары өткізілді

. 64 475 адам оқытылды. Астана, Алматы, Ақтөбе, Шымкент қалаларының сауда орталықтарында халыққа консультациялық қолдау көрсетілді, орташа алғанда 19 276 адамға консультация берілді;

б) орталық мемлекеттік органдардың құжаттарын қағаз тасығышта қайталамай электрондық құжат айналымына көшіру бойынша жұмыстар жүргізілуде;

7) «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы азаматтардың мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың басшыларына электрондық өтініш беру жүйесі құрылды;

8) электрондық әкімдіктерді дамыту шеңберінде әкімдіктер көрсететін мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру мүмкіндігімен «Электрондық үкіметтің» өңірлік шлюзі» жобасы жүзеге асырылған, оның ішінде 4 қызмет «электрондық үкімет» порталында көрсетіледі.

Бүгінгі күнге халыққа қызмет көрсету орталықтарының (бұдан – ХҚО) жұмысын жақсарту мақсатында үлкен жұмыстар атқарылды.

ХҚО жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған қажетті нормативтік база құрылды, халыққа және бизнеске қызмет көрсету жөніндегі рәсім жеңілдетілді, сыбайлас жемқорлық деңгейінің азаю үрдісі байқалады.

Қазіргі уақытта ХҚО-да 113 мемлекеттік қызмет көрсетілуде. Бүгінгі күні ХҚО-ға ұсыну кезінде құжаттардың 19 түрі алып тасталған: неғұрлым жиі сұратылатын, мысалы, азаматтың жеке куәлігінің көшірмесі, туу туралы куәліктің көшірмесі, некеге тұру туралы куәліктің көшірмесі, некені бұзу туралы куәліктің көшірмесі, бала некесіз туылған жағдайда № 4 нысан бойынша анықтама, жылжымайтын мүлікке құқық белгілеуші құжаттардың көшірмесі, мүгедектік туралы анықтама, зейнеткер куәлігінің көшірмесі және т.б.

Тұрақты негізде ХҚО қызметкерлерінің біліктілік деңгейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жүргізілуде.

ХҚО қызметкерлерінің біліктілігін арттыру шеңберінде ХҚО қызметкерлерін аттестаттау жүргізілді. Барлығы 8 700 қызметкер, олардың ішінде 5 019-ы аттестатталды, 3919 қызметкер немесе 78 % аттестаттаудан өтті, өтпегендері – 1 100 қызметкер.

ХҚО-ның ұсынылатын қызметтер сапасы және халыққа кері байланысты қамтамасыз ету бөлігіндегі қызметін мониторингілеу мақсатында Ахуал орталығы (бұдан әрі – орталық) құрылды және ойдағыдай жұмыс істеуде. 161 ХҚО-да орнатылған камералар арқылы Орталық on-line режимінде қызметке бейне-мониторинг жүргізеді, ол өз кезегінде жұмыс процесіндегі кемшіліктерге шұғыл әрекет етеді, сыбайлас жемқорлық көріністерін бақылауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, Орталықтың жұмыс істеуі орталық және жергілікті мемлекеттік органдар басшыларының азаматтарды қабылдауын жүргізеді,

ведомстволық бағынысты мекемелермен бейне-конференциялар мен кеңестер өткізуге, барлық өңірлердегі ХҚО қызметкерлерін қашықтықтан оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ахуал орталығы арқасында ХҚО кінәсінен 20 минуттан артық күту уақыты 92 % қысқартылды, ХҚО кінәсінен 20 минуттан артық құжаттарды ресімдеу уақыты 17 % қысқартылды, «нашар» баға 44 % қысқартылды.

Бүгінгі күні 252 ХҚО жаңғыртылған. Еліміз бойынша барлық ХҚО-да қазірдің өзінде азаматтарға кедергісіз қызмет көрсету қағидаты енгізілген. ХҚО-ны жаңғырту кезінде жаңа бизнес-үрдістер, мониторинг және мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау іске асырылуда, азаматтар үшін қолайлы жағдайлар жасалуда. Электрондық үкімет бұрыштары ашылған, онда азаматтар egov.kz порталының қызметтерімен танысып, электрондық цифрлық қолтаңба алады.

Азаматтарға ыңғайлы болу үшін балаларға арналған алаңдар жабдықталған, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді ұсынуға бақылау жүргізуге, азаматтардың кезек күту уақытын қадағалап отыруға мүмкіндік беретін бірыңғай электрондық кезек енгізу көзделген. Азаматтарға қызмет көрсету сапасын сенсорлық қайталаушы мониторлар арқылы бағалайды, онда әрбір азамат сол жерден-ақ ХҚО қызметкерлерінің жұмысына баға бере алады.

Тұрақты негізде «mystery shopping» - ұйымдастырушылық міндеттерді шешу, мысалы қызметкерлердің клиенттерге қызмет көрсету стандарттарын сақтаудың деңгейін өлшеу мақсатында өткізілетін зерттеулер әдісін пайдаланумен тексерулер жүргізіледі.

Жүргізілген зерттеулер қорытындылары бойынша халықтың ХҚО қызметтеріне қанағаттанушылық деңгейі 2010 жылы - 65 %; 2011 жылы - 76 %; 2012 жылы - 81,6 % құрады.

Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауын іске асыру үшін Министрлік Іс-шаралар жоспарын (жол картасын) әзірледі, онда 2012 жылы мамандандырылған ХҚО ашу бойынша шаралар көзделген.

Бүгінгі күні Қарағанды, Алматы қалаларында мамандандырылған ХҚО ашылған. 2013 жылы Ақтау қаласында мамандандырылған ХҚО ашу жоспарланады.

Осы мамандандырылған ХҚО-да «жалғыз терезе» қағидаты бойынша қажет инфрақұрылым және халыққа жағдай жасау, автокөлік құралдарын тіркеу және жүргізуші куәліктерін беру бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетіледі.

Осы ХҚО-да халық жүргізуші куәлігін алу үшін теориялық және практикалық емтихан тапсыра алады, нөмірлік агрегаттарын салыстыруды өте алады,

жүргізуші куәліктерін, міндетті техникалық байқаудан өткені және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері туралы куәлік ала алады.

Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру есебінен халықтың ұсынатын құжаттар тізбесі қысқартылды, қажетті мәліметтер тартылған мемлекеттік органдардың дерекқорларынан электрондық форматта алынатын болады.

Бұдан басқа ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде Министрлік компьютерлік оқиғаларға қарсы іс-қимыл мәселелерін мемлекеттік деңгейде, атап айтқанда Қазақстан Республикасының ақпараттық инфрақұрылымына бірігетін ұлттық электрондық ақпараттық ресурстарды және ақпараттық жүйелерді техникалық сүйемелдеу есебінен реттеуде.

Интернеттің қазақстандық сегментін дамытуға КЖҚ енгізу, дата-орталықтар құру, «электрондық үкімет» порталы арқылы көрсетілетін электрондық қызмет көрсетулерді ұлғайту, мемлекеттік органдардың порталдарын дамыту, әлеуметтік маңызы бар интернет-ресурстар құру (балалар мен жасөспірімдер үшін) ықпал е т е д і .

Қазіргі уақытта веб-хостинг қызметтеріне сұранысты, деректерді бастапқы және резервтік сақтауды және сыртқы нарыққа кезең-кезеңмен шығуды қамтамасыз ету мақсатында есептеу орталықтарының (бұдан әрі – дата-орталықтары) дамуын жандандыру қажет. Дата-орталықтары инфрақұрылымының болуы, Қазнетті, электрондық коммерцияны, электрондық қызметтерді және «электрондық үкіметті» дамыту үшін негізгі шарт болып т а б ы л а д ы .

Деректер алмасу кезінде мемлекетаралық және ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін Қазақстан, Ресей және Белорусия арасындағы Кеден одағы шеңберінде ақпарат алмасу үшін мемлекетаралық шлюзді (Кеден одағының сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің ұлттық сегменті) құру қажеттігі т у ы н д а й д ы .

Жүйе Кеден одағының кедендік аумағында экономикалық интеграциялануды дамыту және интеграцияланған ақпараттық ресурстарды қолданудың нәтижесінде сыртқы және өзара сауданың экономикалық көрсеткіштерін жақсарту сияқты оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бұл үшін Кеден одағының сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің ұлттық сегментін, сондай-ақ ұлттық сенімді үшінші тарапты құру қажет.

## **2. Негізгі проблемаларды талдау**

Электрондық қызмет көрсетуді және «электрондық үкіметті» дамытуды тежейтін негізгі проблемалар:

1) ақпараттық-коммуникациялық жүйелердің, ақпараттық жүйелердің және

мемлекеттік органдардың ресурстарының қорғалуы деңгейінің төмендігі;

2) электронды түрде мемлекеттік қызмет көрсетуге бағытталған мемлекеттік органдардың бизнес-үдерістерін автоматтандырудың төмен қарқыны;

3) электронды нысанда «бір терезе» қағидасымен мемлекеттік қызмет көрсетулер деңгейінің жеткіліксіздігі;

4) Интернет желісінің қазақстандық сегментінің жеткіліксіз дамуы;

5) хостинг қызметін көрсету үшін дата-орталықтар инфрақұрылымының толық дамымағандығы.

### **3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау**

**І ш к і ф а к т о р л а р :**

1) мемлекеттік қызмет көрсетулерді электрондық нысанда ұсыну үшін мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесін дамыту;

2) ақпараттық коммуникация саласында білім беру қызметтеріне сұранысты т ұ р а қ т ы а р т т ы р у ;

3) электрондық нысандағы мемлекеттік қызметтерді және «электрондық үкіметті» а л ғ а ж ы л ж ы т у ;

4) халықаралық интернет адресацияны енгізу (.қаз).

**С ы р т қ ы ф а к т о р л а р :**

1) ақпараттық коммуникациялық технологияларды дамытудың жедел қ а р қ ы н ы ;

2) ақпараттық қоғамға және инновациялық экономикаға қарай жылжу;

3) халықаралық нарықта IT-мамандар даярлаудағы жоғары бәсекелестік;

4) өңірлердегі жергілікті атқарушы органдардың электрондық қызмет көрсетудің ақпараттық жүйесін хостингтеу үшін серверлік тұғырламаны дамыту

### **3. Қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары, нысаналы индикаторлары, міндеттері, іс-шаралары, нәтижелерінің көрсеткіштері**

#### **3.1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары, іс-шаралар мен нәтижелер көрсеткіштері**

##### **1-стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасының көліктік инфрақұрылымын дамыту**

1.1-мақсат. Көліктік-коммуникациялық кешеннің озыңқы даму қарқынына қ о л ж е т к і з у





консультациялар алуға) байланысты операциялық шығындарды азайту, 2011 жылға қарай уақыт пен шығынды қоса алғанда, 30% және 2015 жылға қарай 2011 жылмен салыстырғанда тағы 30%-ға төмендету	К К М деректері	%	-	-	30	-	-	30	-
11. Мемлекеттік бақылау субъектілерінің жоспарлы тексерулер санын қысқарту (жыл сайынғы тексеру жүргізу жоспарына сәйкес)	К К М деректері	%	-	-	-	10	10	10	-
12. Шикізат емес сектор өнімінің өзіндік құнындағы көліктік шығыстар үлесін 2015 жылға қарай кемінде 8%-ға және 2020 жылға қарай 15% төмендету	К К М деректері	%	-	-	-	-	-	6	8
13. Теміржол және су көліктерінде көліктік оқиғаларды азайту	К К М деректері	%	-	-	2	2	2	2	2

1.1.1-міндет. Автожол саласы инфрақұрылымының даму деңгейін арттыру

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. 2015 жылға қарай орташа алғанда республикалық маңызы бар автомобиль жолдардың 85%-ы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда	К К М деректері	%	70	77	77,5	79	81	83	85
		км	1 6446	18 091	1 8209	1 8561	19 031	1 9502	1 9971
2. 2015 жылға қарай орташа алғанда жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының 70%-ы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда	К К М деректері	%	55	57	58	63	66	68	70
		км	3 8564	39 966	4 0667	4 4173	46 276	4 7679	4 9081
3. Жөндеудің барлық түрімен қамтылған республикалық маңызы бар жолдардың ұзақтығы	К К М деректері	км	1 931	1 427	2 254	2 155	1 638	1 898	1 35
4. Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік транзит дәлізін реконструкциялау (бір бағытта)	К К М деректері	км	-	417	750	599	686	-	-
5. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 № 1752 Қаулысымен.									
6. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 № 1752 Қаулысымен.									

Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	Жоспарлы кезеңдегі іске асыру мерзімі				
	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6
1. Шамамен 9,5 мың км республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау және жөндеу	x	x	x	x	x
2. 2015 жылға қарай шамамен 11,5 мың км жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын реконструкциялау	x	x	x	x	x
3. 2013 жылға қарай республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының жекелеген учаскелеріне ақылы жүйені енгізу	x	x	-	-	-

4. Жол-құрылыс жұмыстарының сапасын бақылаушы аумақтық жол зертханаларының жауапкершілігін арттыру	x	x	x	x	x
5. Техникалық байқау орталығын ашу туралы рұқсат беру тәртібін хабарлама түріне ауыстыру	-	x	-	-	-
<b>Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 № 1752 Қаулысымен.</b>					
6. Алматы облысындағы «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автомобиль жолына өту орындарының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу	-	-	x	-	-
7. Республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарына қызмет көрсету	-	-	x	-	-
8. Мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу	-	-	x	-	-

1.1.2-міндет. Теміржол саласы инфрақұрылымының даму деңгейін арттыру

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Жаңа теміржолдардың ұзақтығы	«ҚТЖ» ҰК» АҚ деректері	км	-	-	439	-	-	-	214
2. Жолдың жоғарғы құрылысын күрделі жөндеу	«ҚТЖ» ҰК» АҚ деректері				635	650	630	660	696
3. Экспорттық өнімнің өзіндік құнындағы теміржол көлігімен тасымалдау шығыстарының үлесі 2020 жылға қарай 20%-ға төмендейді	«ҚТЖ» ҰК» АҚ деректері	%	-	-	-	-	-	-	10
4. Теміржол көлігінің негізгі активтерінің тозуы 60 %-ға дейін төмендеген (қауіпсіздікті арттыру)	ККМ деректері	%	70	69	67	65	63	61	60
5. Субсидияланатын әлеуметтік маңызы бар маршруттар саны	ККМ деректері	бірл.	63	63	63	65	66	66	66

Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	Жоспарлы кезеңдегі іске асыру мерзімі				
	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6
1. 2013 жылға қарай Қорғас-Жетіген теміржол желісін салу	x	x	-	-	-
2. 2013 жылға қарай Өзен – Түрікменстанмен мемлекеттік шекара теміржол желісін салу	x	x	-	-	-
3. 2012 жылға қарай Бейнеу – Жезқазған және Арқалық-Шұбаркөл теміржол желісін салу	-	x	x	x	x
4. 2014 жылға қарай темір жол көлігін басқарудың жаңа жүйесін енгізу	x	x	x	-	-
5. Теміржол жылжымалы құрамын сатып алу	x	x	x	x	x
6. Жүк және жолаушы тасымалдары саласындағы тәуелсіз ірі операторлар санын 5-ке дейін жеткізу, бұл ретте нарық үлесі әрбір оператор үшін кемінде 7%-ды құрайды	-	-	-	-	x

7. Жүк және жолаушыларды тасымалдау саласында жаңа тарифтік саясатты іске асыру	x	x	x	-	-
8. 2014 жылға қарай магистральдық желі қызметтерінің шектік тарифтерін 10 жылға бекіту	x	x	x	-	-
9. Әлеуметтік маңызы бар маршруттар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау	x	x	x	x	x

1.1.3.-міндет. Азаматтық авиация инфрақұрылымының даму деңгейін арттыру

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. ИКАО санатына ие әуежайлар саны (қауіпсіздікті арттыру)	К К М деректері	бірл.	9	10	10	11	11	11	11
2. Халықаралық әуе қатынастары санының ұлғаюы	К К М деректері	бірл.	41	47	53	64	78	94	97
3. Халықаралық әуежай – «хабтардың» саны 4 бірлікке дейін	К К М деректері	бірл.	3	3	3	3	3	3	4

Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	Жоспарлы кезеңдегі іске асыру мерзімі				
	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.
1	2	3	4	5	6
1. Республиканың 7 әуежайында ұшу-қону жолақтарын, жолаушы және жүк терминалдарын реконструкциялау (салу)	x	x	x	x	x
2. Еуропалық авиациялық стандарттарды толық енгізу	x	x	-	-	-
3. Шетелдік авиакомпанияларды тарту үшін жағдай жасау	x	x	x	x	x
4. Әуе тасымалында бәсекелес нарықты құру	x	x	x	x	x
5. Субсидиялау арқылы орташа статистикалық тұтынушы үшін тұрақты ішкі әуе тасымалдарына әуе көлігі қызметінің қолжетімділігін қамтамасыз ету	-	-	x	x	x

1.1.4.-міндет. Су көлігі инфрақұрылымының даму деңгейін арттыру

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есептік кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Теңіз порттарының өткізу қабілеті	К К М деректері	жылына млн. тонна	12,7	13,0	13,5	16,0	16,0	16,0	16,0
2. Мемлекеттік техникалық өзен флотын жаңарту және жаңғырту (қауіпсіздікті арттыру)	К К М деректері	бірл.	124	3	5	2	6	3	2



5. Көлік құралдарын міндетті техникалық тексеріп караумен қамтуды ұлғайту	К К М деректері	техникалық байқау желілері	-	-	-	400	420	440	460	
6. Шұғыл оперативтік қызметтерді шақыру құралдарымен жабдықталған автокөлік құралдарының қатысуымен автомобиль жолдарында болатын жол-көлік оқиғаларына шұғыл оперативтік қызметтердің ден қою уақытын төмендету.	К К М деректері	мин	-	-	-	-	-	-	10	
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар						Жоспарлы кезеңдегі іске асыру мерзімі				
						2011 жыл	2012 жыл	2013жыл	2014 жыл	2015 жыл
1. Автовокзалдар, автостанциялар және тасымалдаушылардың мемлекеттік стандарттарын енгізу			x	x	x	x	x	x	x	
2. Жергілікті атқарушы органдардың жол жағдайы және жолаушылар қатынастарына қажеттілігі бар елді мекендерді тұрақты автобус маршруттарымен қамтамасыз ету жөніндегі жауапкершілігін арттыру			x	x	x	x	x	x	x	
3. Қазақстандық тасымалдаушыларға халықаралық автокөлік құралдары нарығындағы олардың ұстанымдарын нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау			x	x	x	x	x	x	x	
4. Аудандық деңгейдегі елді мекендерде ашылатын орталықтар үшін ұтқыр желілердің болуы туралы талапты алып тастау			-	x	-	-	-	-	-	
5. Жолаушылар тасымалының инфрақұрылымын дамыту			x	x	x	x	x	x	x	
6. Авариялар мен апаттар кезінде шұғыл шақыру жүйесін ( ААШШ) құру үшін нормативтік құқықтық база әзірлеу			-	-	x	x	x	x	x	
7. ААШШ жүйесін құру бойынша техникалық-экономикалық негіздеме жобасын әзірлеу			-	-	x	-	-	-	-	
8. «Донғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» (КО ТР 018/2011) Кеден одағының техникалық регламентінде белгіленген мерзімдерде автокөлік құралдарын шұғыл оперативтік қызметтерді шақыру құралдарымен кезең-кезеңмен жабдықтау			-	-	-	-	-	-	x	
9. Жол-көлік оқиғаларына шұғыл оперативтік қызметтердің жедел ден қоюын қамтамасыз ету мақсатында ААШШ жүйесінің операторы және ТЖМ арасындағы өзара іс-қимыл регламентінің жобасын әзірлеу			-	-	x	-	-	-	-	
10. Қазіргі заманғы телекоммуникациялық және спутниктік жүйелердің көмегімен нақты уақыт режимінде тұрақты қалааралық және халықаралық автомобильмен жолаушылар тасымалдауларының мониторингі жүйелерін дамыту			-	-	x	x	x	-	-	
11. ААЖШ жүйесін құру және енгізу			-	-	-	-	-	-	x	
12. ААЖШ жүйесінің шақыруларды өңдеу орталықтарын құру			-	-	-	-	-	-	x	







1. Ұялы байланыс абоненттері («ДЭФ ЖБИ» көрсеткіші)	ДЭФ	орын	59	66	38	31	10	20	20
2. Телефон желілері («ДЭФ ЖБИ» көрсеткіші)	ДЭФ	орын	60	54	46	45	45	44	44
3. Интернет пайдаланушыларының саны («ДЭФ ЖБИ» көрсеткіші)	ДЭФ	орын	82	69	77	60	61	59	59
4. Кең жолақты Интернет желісі абоненттерінің саны («ДЭФ ЖБИ» көрсеткіші)	ДЭФ	орын	64	53	71	63	63	62	62
5. Интернеттің өткізу қабілеттілігі («ДЭФ ЖБИ» көрсеткіші)	ДЭФ	орын	-	69	74	65	54	52	50
6. ЖІӨ-дегі АКТ-секторының үлесі 2015 жылға қарай 3,8 %	стат. деректер	%	3,70	3,40	3,40	3,45	-	-	-
6-1. «Байланыс» саласында жалпы қосылған құнды 2008 жылдың деңгейіне қарағанда нақты мәнде ұлғайту	стат. деректер	%	-	-	-	-	63,9	77	87,6
7. «Байланыс» саласының нақты көлем индексі	Стат. деректер	Өткен жылға,%	-	106,4	118,7	108,0	107,0	107,0	107,0
8. Мобилдік интернет пайдаланушыларының саны («ДЭФ ЖБИ» көрсеткіші)	ДЭФ	орын	-	-	27	27	37	27	27

3.1.1-міндет. АКТ саласындағы базалық қызметтерге қолжетімділік деңгейі және Қазақстан Республикасының ұшаушылықтарын телефон байланысымен, Интернетке кең жолақты қолжетімділікпен 100 % қамтуды қамтамасыз ету

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. 2015 жылға жергілікті телефон байланысын цифрландыруды 100 пайыздық деңгейге жеткізу	К К М деректері	%	90,0	92,0	95,5	96	97	98	100
Ауылдық жерлерде	Стат. деректер	%	88,5	90	96,4	96	97,5	98,0	100
2. Телефон байланысының тіркелген желісінің тығыздығы	Стат. деректер	100 тұрғынға	23,0	25	25,9	26	26,1	26,8	27,0
Ауылдық жерлерде			13,3	14,5	15,6	15,6	15,7	16,0	16,0
3. Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділігі бар абоненттердің тығыздығы	Стат. деректер	100 тұрғынға	3,69	5,1	7,4	8,0	11,0	16,0	22,0
4. Интернет пайдаланушылардың тығыздығы	Стат. деректер	100 тұрғынға	19,8	31,6	53,4	54,0	63,0	54,7	55,0
5. Интернеттің өткізу қабілеті	К К М деректері	1 интернет пайдаланушыға Кб/сек.	-	-	3,7	5,1	26,0	5,6	5,8
6. Ауылдық елді мекендерде байланыстың әмбебап қызметтерімен қамтылған абоненттердің саны	К К М деректері	абон.	876 847	964 610	1 028 305	1 040 670	1 059 042	1 066 750	1 073 430

7. Пошта байланысының салынған және жаңартылған ауылдық бөлімшелерінің саны өсу қорытындысымен	Стат. деректер	бірл.	59	209	262	264	-	-	-
8. Қазақстан Республикасы арқылы халықаралық ақпараттық ағындар транзитінің үлесі (Еуропа/Ресей-Азия)	К К М деректері	%	-	-	-	2,9	3,0	3,0	3,0

Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	Жоспарлы кезеңдегі іске асыру мерзімі				
	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	3	4	5	6	7
1. Жергілікті телекоммуникация желілерінде цифрлық коммутациялық станцияларды орнату	x	x	x	x	x
2. DWDM спектральді тығыздығы технологиясының негізінде ұлттық ақпараттық супермагистральді кеңейту	x	x	x	x	x
3. Салынатын көлік дәліздері бойымен оптикалық-талшықты магистраль құрылысы	x	x	x	x	x
4. Ауылдық жерлерде телекоммуникациялық әмбебап қызметтерін көрсететін байланыс операторларының шығындарын субсидиялау	x	x	x	x	x
5. Телекоммуникацияның әмбебап қызметтеріне арналған тарифтерді қайта теңгеру	x	x	-	-	-
6. Жергілікті деңгейде тіркелген телефон байланысы операторларының жалпы пайдаланатын телекоммуникация желілеріне қосылу үшін төлемді төмендету	x	x	x	-	-
7. Жеке тұлғалар үшін Интернетке қосылу құнының төмендеуі	x	x	x	-	-
8. CDMA технологияларын пайдалану арқылы ауылдық байланыс телекоммуникациялық желісін жаңғырту	x	x	x	x	-
9. Пошта-логистикалық жүйені жаңғырту	-	x	-	-	-
10. Ауылдық пошталық байланыс бөлімдерін салу	-	x	-	-	-
11. Байланыс саласындағы күрделі мәселелер бойынша байланыс операторлары кеңесінің жұмысын ұйымдастыру	x	x	x	x	x

3.1.2-міндет. Тұрғындар саны 1000 адам және одан жоғары барлық елді мекендерді ұялы байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Ұялы байланыс абоненттерінің тығыздығы	Стат. деректер	100 тұрғ.	96,0	124	127	128	170	135	135

2. Деректер беруге қолжетімділігі бар ұялы байланыс абоненттерінің саны	Стат. деректер	бірл.	3 314134	3 900000	4 300000	4 400000	7 000 000	4 600 000	4 70000
3. Тұрғындары 1000 және одан көп адамнан тұратын елді мекендерді ұялы байланыс қызметтерімен қамту	К К М деректері	%	-	65	91	92	100	100	100

Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	Жоспарлы кезеңдегі іске асыру мерзімі				
	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	3	4	5	6	7
1. Ұялы байланыс операторлары арасында 1920-1980 МГц, 2110-2170 МГц 20 МГц диапазонында (қабылдау/тапсыру) жиіліктерді бөлу	x	x	-	-	-
1. Ұялы байланыс қызметтерінің операторларын үшінші буын 3G стандартының желілерімен қамтамасыз ету	x	x	x	x	-
2-1. Астана, Алматы қалаларын және республиканың барлық облыс орталықтарын	x	x	x	x	x
2-2. 50 000 адам және одан көп тұрғыны бар елді мекендерді	-	x	x	x	x
2-3. 10 000 адам және одан көп тұрғыны бар елді мекендерді	-	-	x	x	x
3. Астана және Алматы қалаларында және облыс орталықтарында 4G жаңа буын стандартын енгізу	x	x	x	x	x
4. Радиомониторинг жүйесіне техникалық сүйемелдеу	x	x	x	x	x
5. <b>Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 № 1752 Қаулысымен.</b>					

### 3.1.3-міндет. Қазақстан Республикасында цифрлық эфирлік теле хабар таратуды енгізу

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Қазақстан халқын цифрлық эфирлік телерадиохабарлар таратумен қамту	К К М деректері	%	-	-	-	22	51	82	95
2. Цифрлық эфирлік телехабар тарату үшін РТС (радиотелевизиялық станциялар) саны	К К М деректері	бірл.	-	-	-	5	34	397	331
3. Алматы, Астана қалаларында және облыс орталықтарында цифрлық эфирлік телерадиохабар таратылатын телеарналардың саны	К К М деректері	бірл.	-	-	-	30	30	30	30
қалған елді мекендерде			-	-	-	15	15	15	15
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	Жоспарлы кезеңдегі іске асыру мерзімі								
	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл				
1	2	3	4	5	6				

1. Эфирлік цифрлық хабар таратуды енгізу жөніндегі жобаларды әзірлеу және бекіту	-	x	x	-	-
2. Республика өңірлерінде эфирлік цифрлық хабар таратуды енгізу	-	x	x	x	x
3. Радиотелевизиялық станцияларды жаңғырту және салу (РТС)	-	x	x	x	x
4. Аналогтық радиотелевизиялық станцияларды (РТС) пайдаланудан шығару	-	-	-	-	x
5. Қазақстан Республикасы орбитальдық жиілік ресурсының халықаралық құқықтық қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізу	x	x	x	x	x

3.1.4-міндет. Қазақстан Республикасында АКТ-ны дамытуға ықпал ететін салалық стандарттаудың деңгейі халықаралық нормаларға дейін жеткізу және құқықтық негізін құру

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. АКТ саласындағы стандарттардың жалпы санынан үйлестірілген стандарттардың саны	ИЖТМ деректері	%	73	74	74,5	75	74,4	76	76
2. АКТ саласындағы әзірленуші мемлекеттік стандарттардың саны	К К М деректері	бірл.	13	3	1	34	16	20	19
3. АКТ саласындағы әзірленетін НҚА саны	К К М деректері	бірл.	-	6	6	2	-	-	-
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	Жоспарлы кезеңдегі іске асыру мерзімі								
				2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	
1				3	4	5	6	7	
1. Байланыс саласындағы мемлекеттік стандарттарды әзірлеу				x	x	x	x	x	
2. Байланыс саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру (заң жобаларын/НҚА-ны әзірлеу)				x	x	x	x	x	
3. Жыл сайынғы Салалық стандарттау, оның ішінде ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту саласындағы жоспарды әзірлеу және іске асыру				x	x	x	x	x	
4. Сапа менеджменті жүйесін халықаралық талаптарына сәйкес енгізуді ынталандыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу				x	x	x	x	x	

3.1.5-міндет. Компьютерлік сауаттылық деңгейін арттыру үшін жағдай жасауды қоса алғанда АТ қызметтері секторын, инновация және ғылымды дамыту

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. IT-нарығының жалпы көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі	Стат. деректер	%	-	7	10	17	25	32	35

2. IT-қызметтеріндегі қазақстандық қамту үлесі	Стат. деректер	%	-	30	40	50	65	80	85	
3. Қораптық (лицензияландырылған) ПҚ көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі	Стат. деректер	%	-	3	5	8	11	15	17	
4. IT-жабдықтар секторы көлеміндегі қазақстандық қамту үлесі	Стат. деректер	%	-	4	5	7	8	10	11	
5. Мемлекеттік тапсырыс негізінде iCarnegie халықаралық стандарттары бойынша IT мамандықтары бойынша оқитын студенттердің саны (алдағы жылға қарай)	К К М деректері	бірл.	300	300	300	300	300	300	300	
6. АТХУ-гі ғылыми-зерттеу жұмыстарының саны	К К М деректері	бірл.	-	-	-	1	2	3	4	
7. Халықтың компьютерлік сауаттылық деңгейі	Стат. деректер	%	19,4	43,7	43,7	50	63	54	56	
8. 100 адамға шаққандағы дербес компьютерлер саны	Стат. Деректер	бірл.	19,7	20,8	21	22	24	26	27	
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар						Жоспарлы кезеңдегі іске асыру мерзімі				
						2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1						2	3	4	5	6
1. «Алатау» АТП ЕЭА инфрақұрылымын дамытуға қатысу						x	x	x	x	x
2. Жоғары технологиялық жабдықтар өндіруді ұйымдастыру						x	x	x	x	x
3. ТЭН, ТҚ дайындау және IT-жобаларының қазақстандық қатынас үлесін көрсету қажеттілігі бөлігіндегі қосымша талаптары конкурстық құжаттамаларға техникалық ерекшеліктері бойынша ұсыныстар әзірлеу						x	x	-	-	-
4. АКТ салаларын дамытуға бағытталған іс-шараларды іске асыру үшін коммерциялық емес, мемлекеттік емес ұйымдар (корпоративтік қор) құру						-	x	-	-	-
5. IT саласын дамыту мәселелері бойынша үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау						x	x	x	x	x
6. Отандық компьютерлік-коммуникациялық жабдықтарды сатып алуға және отандық IT-өнімдерді ілгерілетуге кепілдендірілген тапсырысты қалыптастыру жөніндегі тетіктерді әзірлеу						x	x	x	x	x
7. 2015 жылға қарай кемінде 900 iCarnegie сертификаттарын беру						-	x	x	x	x
8. Студенттер және оқушылар арасында АКТ өзекті тақырыптар бойынша олимпиадалар өткізу						x	x	x	x	x
9. Бар колледждер негізінде IT бөлімшелерін ашу жөніндегі ұсыныстарды пысықтау						-	x	-	-	-
10. IT саласында ҒЗКТЖ дамытуды ынталандырудың бір бөлігіндегі заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстарды пысықтау						-	x	x	-	-
11. «Халықты «электрондық үкімет» аясында оқыту бойынша қызметтер» бағдарламасын іске асыру						x	x	x	x	x

12. Компьютерлік сауаттылықты жоғарылату мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына толықтырулар және өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстарды пысықтау	-	x	x	-	-
13. Халықты компьютерлік сауаттылықтың негізді дағдыларына үйрету үшін электрондық оқыту бағдарламаларын әзірлеу	-	x	-	-	-
14. Ақпараттық коммуникацияларды дамыту бойынша статистикалық ақпаратты жетілдіру бойынша ұсыныстарды пысықтау	x	x	-	-	-
15. АКТ мамандықтары бойынша кәсіптік стандарттарды жасау	-	-	-	x	x
16. Еңбек нарығының АКТ мамандарына қажеттілігін қысқа мерзімді (5 жыл) және ұзақ мерзімді (10 және көп жыл) кезеңге бағалау, жаңа мамандықтарға қажеттіліктерді анықтау және кәсіптердің мемлекеттік жіктегішіне толықтырулар және өзгертулер енгізу	-	-	-	x	x

### 3.1.6-міндет. Әкімшілік тосқауылдарды төмендету

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Бизнесті тіркеумен және жүргізумен байланысты уақыт пен шығындар, сонымен қатар рұқсат ету рәсімдерін қамтитын операциялық шығындарды төмендету	К К М деректері	%	-	-	-	-	-	30	-
2. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы субъектілердің қысқартылған жоспарлы тексерулердің (бір жылғы тексеру жоспарына сәйкес) жалпы санынан (өткен жылға) үлесі	К К М деректері	%	-	5	5	5	5	5	5
3. Байланыс саласындағы электронды нысанда берілетін рұқсат құжаттамаларының үлесі	К К М деректері	%	-	10	20	30	60	100	-
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	Жоспарлы кезеңдегі іске асыру мерзімі								
	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл				
1	2	3	4	5	6				
1. Рұқсат құжаттарын қабылданатын құжаттар пакетін толықтығына тексерудің міндетті рәсімін енгізу жолымен алуға уақытша шығындарды қысқарту.	x	x	-	-	-				
2. Байланыс саласындағы қызметтердің қосымша түрлеріне арналған мемлекеттік қызметтердің стандарттарын әзірлеу.	x	x	-	-	-				
3. Уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің жүргізілген жоспарлы тексерулеріне жалпы талдау.	x	x	x	x	x				
4. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тәуекелдік деңгейі жүйесіне сәйкестігіне тексеру жүргізу жоспарын жасау.	x	x	x	x	x				
5. Интернет-порталдар арқылы рұқсат құжаттарын алуға өтініштер және құжаттар топтамасын беруді ұйымдастыру.	x	x	x	x	-				

6. Өтініш иесі құжаттарының міндетті нотариалды куәландыруын алып тастау.				x	x	x	-	-	
3.1.7-міндет. Телекоммуникация және пошталық байланысы қызметтерінің тиісті нарығында бәсекелестікті дамыту жағдайларын қамтамасыз ету									
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1.Табиғи монополия саласынан шығарылған телекоммуникация және пошта байланысы қызметтерінің реттелетін саны	К К М деректері	бірл.	-	-	15	1	1	1	-
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезеңдегі іске асыру мерзімі				
					2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1.Табиғи монополиялар субъектілерінің және реттелетін нарықтардың ай сайынғы және тоқсан сайынғы есептедінің мониторингі					x	x	x	x	x
2. Өтінімдердің түсіне қарай табиғи монополиялар субъектілері мен реттелетін нарықтар бағаларының сараптамасын жүргізу					x	x	x	x	x
3.Табиғи монополиялар субъектілері тарифтерін және тарифтік сметаларын бекітуге берілген өтінімдерді қарау кезінде жария тыңдаулар өткізу					x	x	x	x	x
4. Табиғи монополиялар субъектілерін және реттелетін нарықтарды кезектен тыс тексерулерін жүргізу					x	x	x	x	x
5. Телекоммуникация саласындағы реттелетін қызметтерге табиғи монополия аясына жатқызу мәніне талдау жүргізу					x	x	x	x	-
6. Табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) тізбесіне өзгерістер енгізу					x	x	x	x	-

**4-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік қызметтерді ұсыну, техникалық сүйемелдеу үдерістерін жетілдіру және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін ықпалдастыру, соның ішінде Кеден одағының ақпараттық инфрақұрылымын дамыту үшін жағдайлар және тетіктер жасау**

**4.1-мақсат. Электрондық форматта мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын және халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмыс істеу деңгейін арттыру**

Ескерту. 4.1-мақсатқа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 № 1752, 2012.12.29 № 1753 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.05.2013 № 510; 26.08.2013 № 840; 31.12.2013 № 1550 қаулыларымен.

Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалар кодтары 024, 039, 042, 043, 044, 048

Нысаналы индикаторлар	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
